

# ЖЫЛДЫК 2008 ЕСЕП



Тау шыңдарынан да жоғары самған,  
Әлемді заңғар биіктен көріп,  
Армандарыңызға қол жеткізіңіз.

# МАЗМҰНЫ

1	ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ	4	20	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	46
2	ПРЕЗИДЕНТ ХАТЫ	5	21	АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ИНВЕСТИТОРЛАРҒА	55
3	КОРПОРАТИВТІК ФАКТИЛЕР	6	22	ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	56
4	2008 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ	9	-	Қызметкерлер	56
5	2008 ЖЫЛДАҒЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	11	-	Әлеуметтік бағдарламалар	59
6	2009 ЖЫЛҒА БАСЫМДЫ МІНДЕТТЕР	13	-	Қоршаған ортаны қорғау	63
7	2008 ЖЫЛҒЫ МАРШРУТ ТОРАБЫ	14	23	ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	66
8	2008 ЖЫЛҒЫ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНІҢ ПАРКИ	16	24	ГЛОССАРИЙ	70
9	КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	19	25	ӨКІЛДІКТЕР	70
10	АКЦИОНЕРЛЕР	22	26	ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ	70
11	ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	23	27	БАҚ	70
12	ЕСЕПТІК 2008 ЖЫЛ	25			
13	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК	30			
14	ҰШУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	33			
15	ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДЫҚ	35			
16	БОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	38			
17	САТУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ	41			
18	АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР	43			
19	ТӘУЕКЕЛ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	45			

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### Қаржылық статистика

мың теңге

КӨРСЕТКІШТЕР	2008	2007
Табыстар	79 300 515	67 707 951
Операциялық шығындар	76 328 044	61 541 686
Операциялық пайда	2 972 471	6 166 265
Салық салынғанға дейінгі пайда	3 246 085	6 543 070
Таза пайда	2 054 162	4 332 112
Тұрақты активтер	7 150 201	5 775 435
Ағымдағы активтер, соның ішінде:	17 532 248	18 398 710
Ақша қаражаттары	6 435 266	9 707 163
Акционерлік капитал	14 609 517	13 638 383
Ұзақмерзімді міндеттемелер	1 194 345	1 234 967
Ағымдағы міндеттемелер	8 878 587	9 300 795

### Операциялық статистика

КӨРСЕТКІШТЕР	2008	2007	%
Ұшудағы сағаттар	70 307	64 742	+ 9
Ұшақтардың ұшу саны	27 755	25 632	+ 8
Тасымалданған жолаушылар, мың адам	2 300	2 132	+ 8
Ішкі рейстер бойынша, мың адам	1 507	1 396	+ 8
Халықаралық рейстер бойынша, мың адам	794	736	+ 8
Тасымалданған жүк, қолжүк және пошта тонна	16 343	13 262	+ 23
Жолаушылар айналымы, мың. жкм	4 795	4 452	+ 8
Шекті, мың. жкм	7 423	6 468	+ 15
Жолаушылық жүктелім коэффициенті, %	65	69	

## ПРЕЗИДЕНТ ХАТЫ



Компанияның іргесі қаланған сәттен бастап 7 жыл ішіндегі 2008 жыл, еш күмәнсіз, біз үшін ең ауыр жыл болды. Ғаламдық экономикалық дағдарыспен ілесіп келген жыл басындағы авиажанармайға бағаның айтарлықтай көтерілуі және соның салдары ретінде жолаушылар мен жүкті авиатасымалдау көлемінің күрт азаюы авиациялық өнеркәсіпке өзінің зор кері ықпалын тигізді және банкроттыққа, өндірістің қысқартылуына, бірігуге, қайта құрылымдау мен қызметкерлерді қысқартуға әкеліп соқтырды. Осы көңілсіз оқиғалардың тұсында мен «Эйр Астананың» әлі де болса табысты компания болып қала беретінін атап айтқым келеді. Табыстылық көрсеткіштері айтарлықтай төмендегенімен, біздің көптеген салаларымызда үдеріс байқалып отыр. Біздің әуе паркiмiз 21 әуе кемесiне дейiн ұлғайтылды, бағдарлық торап 15%-ға кеңейтілді, біз IATA – IOSA пайдалану бойынша қауіпсіздік аудитінен сәттілікпен өттік, Қазақстанға IATA BSP есеп айырысу жүйесін ендіру шеңберінде электрондық билеттерге өтуді толық іске асырдық, соның

арқасында біз алғаш рет Қазақстанда өз бетімізбен сатылымдар мен дистрибуцияны іске асыру мүмкіндігіне ие болдық. Рейстерді орындаудың дәлдігі, былтырғы жылмен салыстырғанда, рейстердің жалпы санынан 74,3%-дан 82,3%-ға көтерілді.

Алдағы келер 2009 жылға көз салатын болсақ, экономика тез қалпына келеді деп күтудің қажеті жоқ екені айдай анық. Дағдарыс банк жүйесінің шегінен шығып, экономиканың барлық салаларына құрсау салып қойды, әйтсе де еліміздің Үкіметі, Орталық банк және банк жүйесін реттеушісімен қабылданған дағдарысқа қарсы шараларының арқасында дағдарыстың Қазақстанға тигізетін әсері көптеген басқа елдерге қарағанда қатты болуы екіталай, бірақ экономиканың құлдырау кезеңі 2010 жылға дейін созылуы мүмкін. Осы себептермен біз 2009 жылы өндірісті қатты кеңейтуді жоспарлаған жоқпыз, және шығындар жағынан өте қарапайым бюджетті дайындадық.

Біз экономиканың құлдырау кезеңін 2009 жылы ішкі рәсімдер мен коммуникацияларды нығайтуға, өндірістік емес оқуға және қызметкерлердің басқарушылық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ клиенттерімізге қызмет көрсету стандарттарын әрі қарай көтеруге назарымызды шоғырландыру мүмкіндігі ретінде пайдаланатын боламыз. Келесі жылдың ақпан айында біз бортсеріктер үшін арнайы жоба – Inflight Performance Enhancement Programme (борттық қызметкерлердің дағдыларын жетілдіру бойынша бағдарламаны) іске асырамыз. Біздің биылғы жылы Флорида штатының CAPT мектебінде табысты түрде іске қосылған ұшқыштар үшін бастапқы даярлық Ab-initio жеке меншік бағдарламамыз келесі жылы да жалғастырылатын болады.

Сөздің ақырында, біздің 2009 жылға стратегиямыз дағдарыс кезеңіне төтеп беріп, дағдарыс аяқталғаннан кейін ашылатын барлық мүмкіндіктерді толық пайдаланатындай компанияны жан-жақты дайындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдау дегендей негізгі екі бағыттан тұратынын атап айтқым келеді. Компаниямыздың барлық қызметкерлері әдеттегідей осы оңай емес кезеңді абыроймен қарсы алып, біз бірлескен түрде барлық қиыншылықтарды жеңіп шығатынымызға менің еш күмәнім жоқ.

Ізгі ниетпен,  
Питер Фостер

## КОРПОРАТИВТІК ФАКТІЛЕР

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

#### Төрағасы

Бозұмбаев К.А. (2008 ж. 26 желтоқсанға дейін)  
Байдәулетов Н.Т. (2008 ж. 26 желтоқсаннан бастап)

#### Мүшелері

Бектұров А.Г.  
Брэдли Н.  
Ерл П. (2008 ж. 30 сәуірге дейін)  
О'Каллахан М. (2008 ж. 30 сәуірден бастап)  
Сисенбина Г.У. (2008 ж. 30 сәуірге дейін)  
Ларионов Д.В. (2008 ж. 30 сәуірден бастап)  
Лорд Александр Хескет

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТІ

#### Аудит комитеті

#### Төраға

Ларионов Д.В.

#### Мүшесі

Лорд Александр Хескет

### Сыйақы комитеті

#### Төраға

Лорд Александр Хескет

#### Мүшесі

Ларионов Д.В.

### Тағайындау комитеті

#### Төрағасы

Ларионов Д.В.

#### Мүшелері

Бектұров А.Г.  
Брэдли Н

### КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Кондачкова Е.В.

### ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСҚАУРУШЫСЫ

Хегай В.

### АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТІРКЕУШІСІ

«Фондовый Центр» АҚ

Заңды мекен-жайы:  
Қазақстан, 050012, Алматы қ.,  
Мәуленов көш., 92

Орналасқан жері:  
Қазақстан, 050091, Алматы қ.,  
Желтоқсан көш., 79а

Тел.: (727) 250 89 61  
Факс: (727) 250 16 96

### АУДИТОРЫ

«Делойт» ЖШС

Қазақстан, 050059,  
Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 36  
Алматы, Қаржы Орталығы,  
«Б» ғимараты

## КОРПОРАТИВТІК ФАКТИЛЕР

### БАСШЫЛЫҚ

**Питер Фостер**  
Президент

**Алма Алигужинова**  
Жоспарлау жөніндегі вице-президент

**Асхат Бейсенбаев**  
Қаржы жөніндегі вице-президент

**Ербол Оспанов**  
Үкіметпен, ұйымдармен байланыс және қауіпсіздік жөніндегі вице-президент

**Галина Умарова**  
Сатып алу жөніндегі вице-президент

**Роберт Брайант**  
Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президент (2008 ж. 24-шілдесіне дейін)

**Джон Уэйнрайт**  
Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президент (2008 ж. 24-шілдесінен бастап)

**Патрик Ротсаерт**  
Ұшуды ұйымдастыру жөніндегі вице-президент (2008 ж. 24-шілдесіне дейін)

**Том Николс**  
Ұшуды ұйымдастыру жөніндегі вице-президент (2008 ж. 24-шілдесінен бастап)

**Ашендра Лианге**  
Сату және маркетинг жөніндегі вице-президент

**Герхард Коэтзи**  
Корпоративтік қауіпсіздік жөніндегі вице-президент

**Фред Горман**  
Борттық қызмет көрсету жөніндегі директор

**Оливер Мэтвик**  
Жерде қызмет көрсету жөніндегі директор

**Ибрахим Жанлыел**  
Коммерциялық жоспарлау жөніндегі директор

**Бэлла Тормышева**  
Әлеуметпен байланыстар жөніндегі директор

**Айдар Қашқарбаев**  
Заң департаментінің директоры

**Евгения Ни**  
Қызметкерлерді басқару жөніндегі директоры

**Джерри Митчелл**  
Ақпараттық технология және электрондық коммерция департаментінің директоры

**Алима Заманбекова**  
Бас бухгалтер

**Бердыхан Агмуров**  
Операциялық басқару орталығының менеджері

**Елена Обухова**  
Жерде қызмет көрсету жөніндегі менеджер

**Сергей Андреев**  
Аймақтық менеджер


### 2008 ЖЫЛДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ

Тәуелсіз аудиторлардың 2007 ж. біріктірілген қаржы есебі бойынша мәліметтердің шығуы	2008 ж., 25-сәуір
Директорлар кеңесі алдын-ала бекіткен 2007 ж. қаржы есебі	2008 ж., 19-мамыр
Акционерлердің жалпы жиналысы 2007 ж. қаржы есебін бекітуі	2008 ж., 24-шілде
2007 ж. дивидендтерді хабарлау	2008 ж., 1-тамыз
2007 ж. қаржы есебін жариялау	2008 ж., 7-тамыз

### 2009 ЖЫЛДЫҢ ҚАРЖЫ КҮНТІЗБЕСІ

Тәуелсіз аудиторлардың 2008 ж. біріктірілген қаржы есебі бойынша мәліметтердің шығуы	2009 ж., 31-наурыз
Директорлар кеңесі алдын-ала бекіткен 2008 ж. қаржы есебі	2009 ж., 6-мамыр
Акционерлердің жалпы жиналысы 2008 ж. қаржы есебін бекітуі	2009 ж., 27-тамыз
2008 ж. дивидендтерді хабарлау	2009 ж., 2-қыркүйек
2008 ж. қаржы есебін жариялау	2009 ж., 2-қыркүйек

Хан-Тәңірі шыңы





## 2008 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

### Ақпан

- «Эйр Астана» Қазақстанның түрлі әуежайларында қолданысқа енгізілетін алты мұз қатырғыш машинаны қолданысқа алды. Екі машина Астана қаласының халықаралық әуежайында ӘК қызмет көрсету мақсатында, ал бір машина Өскемен, Павлодар, Қостанай және Шымкент қалаларының әуежайларында ӘК қызмет көрсету мақсатында алынды. Машиналарды сатып алу, Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне мұзбен қапталуға қарсы тұру қызметін көрсету үшін бағытталған инвестициялық жоба негізінде жүзеге асырылып отыр.



### Мамыр

- «Эйр Астана» «Эйрбас А320» әуе кемесін иелікке алды.

### Маусым

- «Эйр Астана» өзінің барлық бағыттарын электронды билеттерге көшіріп, осылайша электронды билеттерді 100% енгізу бойынша IATA қойған мақсатқа қол жеткізді.



- «Эйр Астана» тағы бір «Эйрбас А320» әуе кемесін иелікке алды.

### Шілде

- Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігі «Эйр Астана» әуекомпаниясына корпоративтік басқару деңгейіне «5+» рейтингін берді. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы бойынша биржада жарияланбайтын компаниялар арасында ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады. Осы нәтиже компания және акционерлер, «Самрұқ» Қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі» АҚ және «BAE Systems» компаниясының (Ұлыбритания) корпоративтік басқару аясына халықаралық стандарттарды енгізу жұмыстарының ең жоғарғы бағасы.

## 2008 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

### Тамыз

- «Эйр Астана» ұшқыштарды алғашқы дайындықтан өткізу Ab-initio бағдарламасын іске қосты. Осы мақсатта коммерциялық әуебағыттар ұшқыштарын оқыту бағдарламасы – АҚШ, Флорида, Палм Коуст қаласында орналасқан халықаралық ұшу бойынша білім беру орталығының CAPT (Commercial Airline Pilot Training Program) бағдарламасы таңдалды.
- «Эйр Астана» өзінің 21-ші әуе кемесін, «Эйрбас А319» иелікке алды.



### Қараша

- «Эйр Астана» Алматы қ. әуебилеттерді брондау және сатып алу, сонымен қатар клиенттерге қызмет көрсету орталығын ашты. Жеке кеңселер (кассалар) желісінің ашылуы билеттерді ешбір артық төлемдерсіз, тікелей сатып алу және брондау мен қайта брондау, билеттерді сату, ұшу күнін ауыстыру және басқа да көптеген мәліметтер бойынша сауатты, кәсіби көмек ала алатын әуекомпания үшін де, жолаушылар үшін де айтарлықтай артықшылық болып табылады.
- «Эйр Астана» Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласына жаңа рейс ашты. Жаңа Алматы–Бішкек–Алматы рейсі аптасына 4 рет – дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі және жексенбі күндері «Фоккер 50» турбовинтті ұшақпен орындалады.
- «Эйр Астана» жыл сайын өтетін AWARD.kz сайттар сайысында «Электронды коммерция 2008» номинациясын ұтып алды.



### Желтоқсан

- «Эйр Астана» IATA тарапынан IOSA халықаралық аудиттен сәтті өткен әуекомпаниялар тізіміне ресми түрде тіркелді. IOSA пайдалану қауіпсіздігі бойынша халықаралық аудиті – бұл 900 астам әуе тасымалдарды жүзеге асыру бойынша танылған халықаралық стандарттармен сәйкес компанияны басқаруды ұйымдастырудың кешенді тексеру және бағалау жүйесі. «Эйр Астана» IOSA аудитінен өткен алғашқы орта азиялық әуекомпания және ешбір шектеусіз IOSA куәлігін алған алты ТМД әуекомпанияларының бірі болып танылды.
- «Эйр Астана» Астана қ. жеке әуебилеттерді сату кеңсесін ашты. Астана қаласындағы кеңсе – әуебилеттер сату бойынша екінші ірі орталық.

## 2008 ЖЫЛДАҒЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ



### ӘК паркін ұлғайтуға байланысты шараларды жүзеге асыру

ӘК паркін ұлғайту, шетел әуе тасымалдаушылар паркімен бәсекелесуге лайықты заманға сай, отынды тиімді пайдаланатын ӘК иелікке алуды қарастыратын әуекомпанияның түбегейлі жобаларының бірі болып табылады. 2008 ж. 3 қосымша әуе кемелері жеткізілді:

- ▶ 2008 ж., 16-мамыр – «Эйрбас А320», 2008 ж. жасап шығарылған
- ▶ 2008 ж., 16-маусым – «Эйрбас А320», 2008 ж. жасап шығарылған
- ▶ 2008 ж., 12-тамыз – «Эйрбас А319», 2008 ж. жасап шығарылған

2008 ж. мамыр айында 6 x А320 және қосымша 3 опциондарды сатып алуға «Эйрбас» компаниясының келісіміне қол қойылды. Осы ӘК жеткізу 2012 – 2013 ж.ж. кезеңіне жоспарланып отыр. Бір жыл аралығында компания кеңфюзеляжды әуе кемелерін сатып алу мәселелеріне байланысты Боинг/Эйрбас компаниясымен келіссөздер жүргізді. Сонымен қатар аумақтық әуе кемелерін жасап шығаратын өндірушілермен де келіссөздер жүргізді. Жалпы 2008 ж. «Эйр Астана» АҚ әуе кемелер паркi 21 санына жетті.

### Бағыттар торабын дамыту

Өткен жылдарда қол жеткізілген өндірістік-қаржы нәтижелер әуекомпанияға әуе тасымалдарын ұлғайту және бағыттар торабын ұлғайту мүмкіндігін берді.

2008 ж. әуекомпанияның ішкі бағыттар бойынша тасымалдау нарығындағы үлесі шамамен 83% құрайды, ал Астана – Алматы бағытын есепке алмағанда бұл көрсеткіш шамамен нарықтың 77% құрайды. Әуекомпанияның халықаралық бағыттар бойынша тасымалдау нарығындағы үлесі есептік жылда шамамен 36% құрады.

Қазіргі ішкі және халықаралық нарықтардағы үлесті бекіту үшін компания бірқатар қосымша қызметті енгізді (әуебилеттерді электрондық брондау жүйесі, жолаушыларды марапаттау бағдарламасы және т.б.).

2008 жылы әуе флотын және қазіргі нарықтық сұранымды ұлғайту арқасында жаңа бағыттар енгізу, ішкі және халықаралық бағыттардағы жиіліктерді ұлғайту мүмкіндігі пайда болды.

### Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтеру

Әуекомпания қызметтің сапасын көтеру бойынша бағдарламаны іске асырды.

Алдыңғы жылдардағыдай 2008 ж. компания борттағы сервисті жақсартуға бар назарын аударды: жолаушылардың көңілін көтерудің жаңа бағдарламасы еңгізілді, бизнес және эконом кластардың ас мәзірі жақсартылды, «Фоккер 50» ұшағында алыс ұшу кезінде ыстық аспен тамақтандыру еңгізілді.

2008 жылдың маусым айында бүкіл дүниежүзі бойынша қағаз билеттерді пайдаланудан шығару туралы IATA талабына сәйкес электрондық билеттерге көшу 100%-ға орындалды.

Астана, Алматы және Атырауда меншікті билет сату кеңселері, сондай-ақ тәулік бойы қызмет көрсететін брондау және ақпарат орталығы (Call Centre) ашылды, оған электрондық брондау билеттерді сату және алдын-ала бекіту бойынша E-BSP Қазақстан жүйесін ендіру арқылы қол жеткізілді.

### Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін көтеру

2008 ж. корпоративтік басқару саласында келесідей іс-шаралар өткізілді:

- Корпоративтік басқару Кодексі қабылданды
- Директорлар кеңесінің Комитеттері құрылды
- Ішкі аудит қызметі туралы Ережелер қабылданды
- Корпоративтік басқару Кодексін ендіру бойынша іс-шаралар жоспары қабылданды
- Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы Ережелер қабылданды
- Іскерлік этика Кодексі қабылданды
- Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізуге арналған бағдарлама бекітілді.

**2008 ж. 11 шілдесінде Standard & Poor's** халықаралық рейтингтік агенттік әуекомпанияға корпоративтік басқаруды **5 +** рейтингін берді, ол қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы биржада жарияланбайтын компаниялар арасында ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

### Дағдарысқа қарсы шаралар

Әсіресе 2008 ж. 4-ші тоқсанынан бастап елімізде әрі бүкіл әлемде қалыптасқан қиын экономикалық жағдайлар мен жанармай бағасының едәуір көтерілуі және олардың әуекомпанияның қызметіне ықпал етуі тұрғысында басшылық компанияның қаржылық тұрақтылығын қорғау үшін бірқатар шараларды қолға алды:

- ASK 8%-ға қысқартылды, нәтижесінде «Боинг 767» әуе кемелерінің ұшу көлемі 50%-ға қысқартылды
- 2008 ж. жоспарланған қосымша «Боинг 757» сатылып алынған жоқ.
- Қызметкерлерді алу тоқтатылды
- Халықаралық бағыттарда жолаушы және жүк үшін жанармай алымы ұлғайтылды
- 2008 ж. инвестициялық бағдарламасы бюджетпен салыстырғанда 54%-ға қысқартылды.



Хан-Тәңірі шыңы

## 2009 ЖЫЛҒА БАСТЫ МІНДЕТТЕР

Әуекомпанияның басты міндеттері:

- ӘК – не техникалық қызмет көрсету мен ұшу қауіпсіздігін халықаралық стандарттарға сай сақтап қалу
- Әуекомпанияның қаржы тұрақтылығын және рентабельділігін сақтап қалу
- Әуекомпанияның рейсті уақытында орындау және қызмет деңгейі сияқты негізгі элементтерінің сапа деңгейін тұрақтандыру
- Тікелей сату арналарын дамыту және табысты басқару жүйесін жетілдіру
- Барлық салаларда шығындарды азайту
- Қызметкерлерді оқыту мен қолдау жүйесін жетілдіру.



## 2008 ЖЫЛҒЫ БАҒЫТТАР ТОРАБЫ



**2007 ж. әуекомпания 22 ішкі бағыттар бойынша рейстер орындады, олардың ішінде:**

- Алматы – Ақтау
- Алматы – Ақтөбе
- Алматы – Астана
- Алматы – Атырау
- Алматы – Қарағанды
- Алматы – Қызылорда
- Алматы – Орал
- Алматы – Өскемен
- Алматы – Павлодар
- Алматы – Шымкент
- Астана – Ақтөбе
- Астана – Атырау
- Астана – Қостанай
- Астана – Қызылорда
- Астана – Орал
- Астана – Өскемен
- Астана – Павлодар
- Астана – Петропавл
- Астана – Семей
- Астана – Жезқазған
- Атырау – Ақтау
- Қызылорда – Атырау

## 2008 ЖЫЛҒЫ БАҒЫТТАР ТОРАБЫ

2008 ж. әуекомпания  
21 халықаралық бағыттар  
бойынша рейстерді  
орындады, олардың ішінде:

Алматы – Бангкок  
Алматы – Бейжін  
Алматы – Дели  
Алматы – Дубай  
Алматы – Франкфурт  
Алматы – Ыстамбұл  
Алматы – Лондон  
Алматы – Мәскеу  
Алматы – Сеул  
Астана – Дубай  
Астана – Франкфурт  
Астана – Ганновер  
Астана – Ыстамбұл  
Астана – Мәскеу  
Астана – Үрімші  
Атырау – Амстердам  
Атырау – Ыстамбұл  
Қарағанды – Ганновер  
Қостанай – Франкфурт  
Қостанай – Ганновер  
Алматы – Анталья (маусымдық)  
Астана – Анталья (маусымдық)



## 2008 ЖЫЛҒЫ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНІҢ ПАРКІ

2008 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әуе кемелер паркі 21 бірліктен тұрады: ■ 2 «Боинг 767-300ER» әуе кемелері ■ 4 «Боинг 757-200» әуе кемелері ■ 2 «Эйрбас А321» әуе кемелері ■ 7 «Эйрбас А320» әуе кемелері ■ 1 «Эйрбас А319» әуе кемесі ■ 5 «Фоккер 50» әуе кемелері



### «Боинг 767-300ER»

«Боинг 767-300ER» – әрқайсысының қуаттылығы 27 тонна тарту күшінен асатын екі GE CF6-80C2 қозғалтқышымен жабдықталған, ұшу алыстығы ұлғайтылған кеңфюзеляжды әуе кемесі түрі. «Боинг 767-300» шамамен 900 км/сағ жылдамдыққа ұшу биіктігі 10 550 км-ге дейін жетуі мүмкін. Әуе кемесінің бұл түрі пайдалы жүктің 15 тоннасын тасымалдай алады және оның жерден ұшып шығу кезіндегі салмағы 181 тоннаға дейін жетуге қабілетті. Ұшақ ұшу кезінде көңіл көтеруге арналған жеке аудио- және бейне-жүйелерімен (LCD бейнебеттері) жарақталған 30 бизнес-класс орындарымен және 190 эконом-класс орындарымен жабдықталған.

«Боинг 767-300» алыс қашықтықтағы рейстерді орындайды.



### «Боинг 757-200»

«Боинг 757-200» өз бойында жанармайдың айрықша тиімді пайдалануын қамтамасыз ететін алдыңғы қатарлы технологияларды, шуылдың төмен деңгейін, жоғары ыңғайлылық пен жоғары пайдаланушылық сипаттамаларды біріктіреді. Бұл ұшақ алыс та, жақын да бағыттарда жұмыс істей береді және өте қуатты әрі берік Rolls-Royce RB211 реактивтік қозғалтқыштың екеуімен жабдықталған.

Бұл ұшақтар алыс және орташа халықаралық бағыттарда, сондай-ақ ішкі магистралдық трассаларда қызмет көрсетеді.



### «Эйрбас А319/А320/А321»

«Эйр Астана» – әуе кемесінің бұл түрін Қазақстанда пайдаланатын алғашқы және жалғыз әуекомпания.

«Эйрбас А319/А320/А321» ұшақтары өте ыңғайлы, олар экологиялық тұрғыдан айрықша таза, бұған қоса, жанармай шығыны мен зиянды шығарындылары ең төмен, сондай-ақ өз класында ең төменгі «дыбыс ізіне» ие. «Эйрбас А320» ең соңғы үлгідегі ұшқыш кабинасымен және авиациялық технологиялармен жабдықталған, және де бүгінгі күнде ең тез сатылатын әуе кемесі болып табылады.

«Эйрбас А319, А320», ал сондай-ақ оның ірі нұсқасы «А321» ұшағын паркке қосу арқасында «Эйр Астана» әуекомпаниясы халықаралық рейстер жиілігін ұлғайтуға, сондай-ақ реактивті әуе кемелерін кейбір ішкі бағыттарда пайдалануға мүмкіндік алды.



## 2008 ЖЫЛҒЫ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНІҢ ПАРКІ



### «Фоккер 50»

«Фоккер 50» – ыңғайлы жолаушылар салонымен жабдықталған, екі турбовинтті қозғалтқышы бар ұшақ. «Эйр Астана» әуекомпаниясының «Фоккер 50» ұшақтары Қазақстан аумағында облыс орталықтарын Астана және Алматы қалаларымен жалғайтын ішкі рейстерді орындайды, сонымен бірге «Эйр Астананың» халықаралық және ішкі тораптарын қосалқы әуе жолымен қамтамасыз етеді.

### Аймақтық реактивтік әуе кемесі

Аймақтық реактивтік әуе кемелерін таңдау үрдісі 2008 жылы басталды, сөйтіп Директорлар кеңесіне Эмбраер 190 типті әуе кемелерін сатып алу бойынша ұсыныстар жасалды.





Тұзкөл көлі

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Эйр Астана» АҚ - “Самұқ” мемлекеттік холдинг пен BAE Systems ағылшын компаниясының бірлескен кәсіпорны, сәйкесінше қатысу үлестері акциялардың 51% және 49% тең.

«Эйр Астана» АҚ 22 ішкі және 21 халықаралық бағыт бойынша рейстерді орындайды және ТМД елдеріндегі ең жас әуе паркті пайдаланып келеді.

2008 ж. әуекомпанияның әуе паркі батыста жасалынған қазіргі заманға сай 21 әуе кемесінен тұрды, реактивтік әуе кемелерінің орташа жасы 6 жыл.

«Эйр Астана» АҚ Әуе Көлігі Халықаралық Қауымдастығының (IATA) толық құқылы мүшесі және EASA/ Part 145 еуропалық стандарттар бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге сертификат алған жалғыз әуекомпания болып табылады.

2007 ж. компания IOSA пайдалану қауіпсіздігінің халықаралық стандартынан табысты өтеді. «Эйр Астана» IOSA аудитінен өткен орталық-азиялық тұңғыш әуекомпания және IOSA сертификатын қандай да бір шектеулерсіз алған ТМД-ның алты әуекомпаниясының бірі болды. IOSA бойынша сертификатталу – әуекомпанияның қауіпсіздік деңгейін көтерудің жалпы қабылданған механизмі, соның арқасында әлемнің ең ірі әуетасымалдаушылармен теңдей ынтымақтастықта қызмет етуге болады.

Standard & Poor’s Халықаралық рейтингтік агенттікпен әуекомпанияға корпоративтік басқаруда «5+» деңгейі берілді, ол қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

«Эйр Астана» АҚ міндеті – тұтынушылардың үміттеріне, компания мүдделеріне және Қазақстан Республикасының қажеттіліктеріне сай келетін қауіпсіздік пен қызметтің ең жоғарғы стандарттарына сәйкес ішкі және халықаралық бағыттар бойынша әуетасымалдау қызметтерін көрсету.

### АҚ «Эйр Астана»



IATA коды KC	ICAO коды KZR
<b>Құрылған күні</b>	14 қыркүйек, 2001 ж.
<b>Алғашқы ұшу</b>	15 мамыр, 2002 ж.
<b>Жолаушыларды марапаттау бағдарламасы</b>	Nomad Club
<b>Әуе паркінің мөлшері</b>	21

Сайт: <http://www.airastana.com>

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### Компанияның негізгі стратегиялық ұстанымдары 7 бағытты қамтиды:

- Ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік
- Қызмет көрсетудің жоғары деңгейі
- Бағыттар торабы
- Өуе кемелерінің паркі
- Бизнесті жүргізу қағидалары
- Өлеуметтік жауапкершілік

### Ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік

Жолаушылар мен әуекомпания жұмыскерлерінің қауіпсіздігін, клиенттердің мүлкі мен кәсіпорын активтерінің сақталуын қамтамасыз ету «Эйр Астана» әуекомпаниясының барлық уақыттағы негізгі басымдылығы болып табылады.

### Қызмет көрсетудің жоғары деңгейі

«Эйр Астана» әуекомпаниясының келесі басымдылығы кәсіпорынның коммерциялық қызметінің барлық салаларында жоғары деңгейде қызмет көрсету болып табылады.

### Қызмет көрсету деңгейі мәселелеріндегі «Эйр Астана» әуекомпаниясының басымдылықтары келесідей:

- Брондау класына сәйкес және ең үздік халықаралық тәжірибемен салыстыруға тұрарлық, бәсекеге қабілетті дәрежеде өзінің барлық жолаушыларына жоғарғы деңгейде борттық және жердегі қызметтер көрсету
- Рейстердің сенімділігі мен уақытында орындалуында жоғары стандарттарды қамтамасыз ету
- Тасымалдаудың орындалуына қарай жолаушыларды тиісті түрде хабардар етіп отыру
- Кәсіпорынның бүкіл коммерциялық қызмет жүйесі бойынша көрсетілетін қызмет деңгейінде келісілген міндеттемелер шегінде сапасы төленген бағасына сәйкес келетін қызметтерді ұсыну
- Әлемдік авиациялық нарықта толығымен бәсекеге қабілетті болу
- Үздіксіз жетілдірілудің белсенді бағдарламасын іске асыру

### Бағыттар торабы

«Эйр Астана» компаниясы Қазақстан Республикасының ұзақмерзімді экономикалық және өлеуметтік даму қажеттіліктеріне жауап беретін ішкі және халықаралық бағыттардың ірі тораптарын дамытудың белсенді стратегиясын іске асырады.

Бизнесті тиімді жүргізу әдістері шегінде, сондай-ақ техника жағынан да, инфрақұрылым жағынан да техникалық шектеулер ескеріле отырып, жаңа бағыттар ашылатын болады.

Ішкі бағыттар торабы жаңа бағыттарды ашу арқылы және/немесе мемлекеттік қолдау (субсидиялау) кезінде елдің өлеуметтік және экономикалық дамуы үшін қажет болып табылатын бағыттардың жиілігін ұлғайту.

### Өуе кемелерінің паркі

Өуе кемелерінің паркі «Эйр Астана» әуекомпаниясының жолаушылар мен жүкті тасымалдау қызметтерін көрсетудің негізі болып табылады. Әуекомпания өз клиенттері мен бағыттар торабының қажеттіліктеріне сәйкес келетін қазіргі заманға сай өуе кемелерін таңдауға ұмтылатын болады.



## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

### Әуе кемелерін таңдау келесі факторлардың негізінде жасалатын болады:

- Авиациялық қауіпсіздік және инженерлік-техникалық қамтамасыздық нормаларына сәйкестік, сондай-ақ әуе кемелерінің қойылған міндеттерді орындау бойынша техникалық мүмкіндіктерін (сенімділік, қозғалтқыштардың техникалық сипаттамалары, коммерциялық жүктеу және ұшу алыстығы) ескеру
- Әуе кемелерін пайдалану экономикасы мен салонның жолаушылар үшін тартымдылығын ескеру
- Әуекомпанияның жоғарыда көрсетілген қажеттіліктеріне сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының шегінде лизингтік немесе әуе кемелерін сатып алу келісім-шарттарын жасасу.

### Бизнесті жүргізу қағидалары

«Эйр Астана» әуекомпаниясының алдына коммерциялық кәсіпорынның жалпы қабылданған қағидаларының шегінде қызмет ету міндеті қойылған. Бұл қағидалар мыналарды қамтиды:

- Бизнесті этикалық және тиімді түрде орындау, оның ішіне кәсіпорынның активтерін адал әрі тиісті пайдалану, табыстар мен шығындарды тиімді басқару кіреді
- Табыстылық: инвестицияланған капитал бойынша экономикалық қайтарымдылығы мен табыстылығының жоғары деңгейіне қол жеткізу міндеттемесі
- Өсу: әуекомпания қызметінің көлемдерін бизнесті жүргізу мен кәсіпорынды басқарудың саналы қағидаларына сәйкес табысты түрде кеңейту
- Акционерлерге сыйақы: акционерлер кәсіпорын иелері ретінде кәсіпорынға салынған капитал мен оның қызметін қолдау үшін тиісті сыйақы алуын қамтамасыз ету
- Қазақстан Республикасының заңнамасын толық түрде сақтау

### Әлеуметтік жауапкершілік

«Эйр Астана» компаниясы қызметкерлермен жұмыс істеуде, қоршаған ортаны қорғауда және қайырымдылық қызметтерінде ең жоғары стандарттарды ұстана отырып, әлеуметтік жауапкершілікті әуекомпанияның дамуындағы маңызды және ажырамастай бөлігі ретінде қарастырады.



## АКЦИОНЕРЛЕР

«МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ


«САМРҰК» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ХОЛДИНГІ» АҚ.....акциялардың 51% (04.11.2008 жылға дейін);

орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы,  
Қабанбай батыр к-сі, 20/1.

БАЕ СИСТЕМС (КАЗАХСТАН) ЛТД .....акциялардың 49%;

орналасқан жері: Ұлыбритания, GU14 6YU, Хэмпшир, Фарнборо,  
Фарнборо Аэропейс Орталығы, п/ж 87, Уоррик Хаус.

# ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ






Солтүстік Иньльчек мұздығының шыңдары




## ЕСЕПТІК 2008 ЖЫЛ

Жеткі жолаушыкилометр



## ЕСЕПТІК 2008 ЖЫЛ


Жолаушылар айналымы



## ЕСЕПТІК 2008 ЖЫЛ


## Қаржы нәтижелері

мың. АҚШ долл



## ЕСЕПТІК 2008 ЖЫЛ

Басты шығындар  
2008 ж. қаңтар - желтоқсан



## ЕСЕПТІК 2008 ЖЫЛ

2008 жылы жеткізілген А320 ӘК жаңұасына жататын заманға сай жаңа үш ӘК-нің біреуі ұсынылған кезі.



## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

### IOSA аудиті

2008 ж. «Эйр Астана» АҚ-ның 2007 ж. аяғында өткізілген пайдалану қауіпсіздігі бойынша IATA (IOSA аудиті) аудитінен сәтті өткені расталды. IOSA мақсаты компанияға өндірісті басқару және әуекомпаниялардың бақылау жүйелерін ұйымдастырудың халықаралық деңгейде қабылданған стандартқа келтірілген бағдарламасын ұсыну болып табылады. Аталмыш аудиттен өту үшін компаниялар халықаралық қауіпсіздік пен сапа стандарттарына сәйкестігін дәлелдеуі қажет.

### Ұшу ақпаратын қадағалау бағдарламасы

2007 ж. іске қосылған ұшу ақпаратын қадағалау бағдарламасы авиациялық оқиғалардың алдын-алу мақсатына ие. Бағдарлама жабдықты модернизациялау жолымен оны кеңейтуді және жетілдіруді көздейді. Ұшу ақпаратына талдау жасау орташа алғанда барлық ұшудың 98%-ын қамтиды, ол өз алдына ұшқыштардың жұмыс істеу және оқу сапасының жақсартылуына септігін тигізеді. Сөйтіп бағдарламаны енгізгеннен кейін экипаждардың әуе кемелерін басқарудағы оңды беталыстары айдай анық көрінеді.

### Сапа кепілдігі

Қауіпсіздік саласындағы бақылау әуекомпанияның ішінде Сапа кепілдігі бойынша департаментті құру арқылы күшейтілді. Департаменттің міндеті ұшу қауіпсіздігі мен әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын қамтамасыз ету мақсатында орнатылған стандарттар талаптарының орындалуына бақылау жүргізуден тұрады. Баға беру жүйелі түрде аудит жасап тұратын тәжірибелі мамандар компандасымен жүргізіледі. Аудиттер әуе кемелерін іске пайдалануға қатысы бар «Эйр Астана» АҚ-ның барлық департаменттерінде, сондай-ақ ӘК, қозғалтқыштарға техникалық қызмет көрсететін ұйымдарда, қызметкерлерді оқыту орталықтарында және «Эйр Астана» АҚ жүйелі түрде ұшып шығатын барлық әуежайларда жүргізіледі. 2008 ж. аудиттердің жалпы саны 200 болды. Әуекомпанияда корпоративтік қауіпсіздік департаментімен бірлескен біртұтас департаментті құру шешімі қабылданды. Екі департаментті біріктіру туралы шешім ұшу қауіпсіздігі мен авиакомпания бөлімшелерінің жұмыс сапасына, сондай-ақ «Эйр Астана» АҚ-мен ынтымақтастықта қызмет істейтін ұйымдардың жұмысына өте жақсы әсерін тигізді.

### Бағдарламалық жасақтама

Корпоративтік қауіпсіздік пен сапа кепілдігі жөніндегі департамент «QPulse» және «iSentinel» жаңа және қолданыстағы бағдарламалық жасақтаманы қолдану жолымен өз қызметінің тиімділігін күшейтті.



## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

### Мұзбен қапталуға қарсы өңдеу

Әуе кемелерінің мұзбен қапталу жағдайларында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен «Эйр Астана» АҚ мұзбен қапталуға қарсы өңдеуге арналған 6 машина сатып алды. Қазақстанның төрт әуежайында осы жабдықпен жұмыс істеу үшін қызметкерлер алынып, тиісті оқудан өткізілді. «Эйр Астана» мұзбен қапталуға қарсы өңдеудің орындалуына бақылау жасау үшін IATA әуекомпанияларының қауымдастығына қосылып, әуекомпания ішінде де, «Эйр Астана» АҚ-мен келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін қызмет көрсетушілерде де аудит жүргізетін өзінің жеке аудиторын оқытты. «Эйр Астана» компаниясымен қабылданатын шараларға, соның ішінде қызметкерлерді оқыту мен сұйықтықтарды сақтауға, IATA аудиторлары жүйелі түрде бақылау жасап тұрады.

### Жабдықтар

«Эйр Астана» компаниясы барлық ұшақтарды EGPWS – жерге қауіпті жақындауды алдын-ала ескертетін жетілдірілген жүйемен жабдықтады. EGPWS жүйесіне ие өлемдегі бір де бір ӘК жермен соқтығысқан емес (CFIT). Коммерциялық рейстерді орындау кезінде CFIT үлесіне әдетте барлық тойтарылмас апаттардың шамамен алғанда 50%-ы келеді.

### Оқыту

ICAO талаптарына сай болу үшін ағылшын тілін қарқынды оқыту басталды. Әуекомпания қызметкерлері үшін ұшу қауіпсіздігі бойынша бағдарламаларды басқаруға, сондай-ақ тергеу жүргізуге, аудиттер, авиациялық қауіпсіздікке бақылау жасауға және Еуропалық авиациялық заңнаманы реттеуді жүргізуге бағытталған оқу жетекші Халықаралық қауіпсіздік институттарында табысты аяқталды. Оқу IATA оқу орталықтары мен Крэнфильд университетінде өткізілді.

Экипаж мүмкіндіктерін пайдалану бойынша ұшқыштар мен бортсеріктерге арналған оқыту бағдарламалары қайта қаралды, сөйтіп бортсеріктерге арналған бағдарлама кеңейтілді. Бұл бағдарламаға қосымша түрде борттағы шиеленісті жағдайларды реттеу мәселелері енгізілді.

«Эйр Астана» компаниясы «Адам факторының әсері» және «Сапаны басқару» тақырыптары бойынша курстар өткізу үшін Алматыға IATA мамандарын шақырды.



Белуха тауы, Алтай





## ҰШУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

### 2008 жылға шолу және 2009 жылға жоспар

2008 жыл Ұшуды ұйымдастыру департаментінің ұйымдық құрылымы, басқару саясаты, стандарттау және кәсіптік дамуындағы өзгерістер үшін негізгі жыл болып шықты. Алдыға қойылған мақсаттардың көбіне жету үшін бірнеше жылдай уақыт қажет, алайда департамент өз қызметінің негізгі бағыттарын әлдеқайда белгілеп алған.



## ҰШУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

### Ұшу стандарттары

Ұшу стандарттарының менеджерін тағайындағаннан кейін Ұшуды ұйымдастыру департаментінің штаты толық жұмыс күні мен ұшу стандарттарына сәйкестікке тексеру құқығы бар он екі командирі бар төрт жұмыс орнына ұлғайтылды. Бұдан басқа, Ұшу стандарттарының менеджері «Эйр Астана» әуекомпаниясы үшін экипаж мүшелерінің жұмысын оңтайландыру бойынша бағдарлама мен қатерлер мен қателер пайда болған жағдайларда экипаж әрекеттерін басқару бойынша бағдарламаны әзірледі. Бұл ұшу қауіпсіздігін арттыру жолындағы бастамашыл қадам.

Ұшу стандарттарына сәйкестікке тексеру құқығы бар командирлер Амстердамдағы FSC орталығында оқудан өтті. Жаттықтыру жабдығында (Full Flight Simulator) дайындықпен қатар FSC оқу орталығы ұшу қауіпсіздігіне, стандарттауға, менеджментке және экипаж қорларын басқаруға (CRM) айрықша назар аударады. Жергілікті ұшқыштар мен шетелдік ұшқыштардан тұратын команданы құру идеясы оқудың ең сәтті жақтарының біріне айналды.

Ұшу кезіндегі пайдалану бойынша нұсқаулық (POM) «Эйр Астана» әуекомпаниясының флоттарындағы жалпы ережелерді стандартқа келтіру үшін негізгі құрал ретінде жасалды. Ал бір жылдық әзірленім жобаларының арқасында Ұшу кезіндегі пайдалану бойынша нұсқаулық (POM) жарыққа шығарылып, барлық ұшқыштарға таратылды. Әуе кемесінің әрбір түрі бойынша стандартты рәсімдерді анықтайтын пайдалану бойынша нұсқаулықтың (OEG) әзірленуі 2008 жылдың аяғында басталып, аяқталуы 2009 жылдың басында көзделген. Осы нұсқаулықтарды дайындау жергілікті басшылық пен шетелдік ұшқыштардың бірлескен жұмысынан тұратын аса маңызды қадам әрі жетістік болып табылады.

### Ұшуға үйрету

Ұшуды ұйымдастыру департаменті «Эйр Астана» АҚ 1-ші орталығында ұшу дайындығын жүргізу үшін Аэросим компаниясының қазіргі заманға сай екі жаттықтырушы жабдығына тапсырыс берді. Оларды 2009 жылдың сәуір - тамыз айларында жеткізіп беру жоспарлануда.

Бұл өз қаражаты есебінен мамандардың алғашқы дайындығы және әуекомпанияның ұшу қауіпсіздігі мен стандарттауға қол жеткізудің негізі болайын деп тұр. Жаттықтырушы жабдықты жалдау шығынын төмендету мен қателер санын азайту айтарлықтай пайда әкелмек. Сонымен бірге жанармайды үнемді пайдалануға үйрететін арнайы оқу бағдарламасы әзірленетін болады.

Ұшу дайындығына қойылатын талаптарды көтеру үшін парктердің басшылық құрамында аға нұсқаушылар тағайындалған болатын. Бұдан басқа, жаттықтыру және сапқа жүру дайындығы үшін жергілікті ұшқыштардың қатарынан ұшқыш-нұсқаушылардың дайындығы жүріп жатыр. Осының арқасында компания «сұлы лизинг» жаттықтыруларын қысқартып, өз қаражаты есебінен ұшуға үйретуді бастай алады, және де сол арқылы шығындарды азайтып, «Эйр Астана» компаниясының стандарттары бойынша оқытуға ерекше көңіл аудара алады.

### Ұшқыштарды бастапқы даярлықтан өткізу бойынша Ab-initio бағдарламасы

Ұшқыштарды бастапқы даярлықтан өткізу бағдарламасы 2008 жылы АҚШ-тағы Career Airline Pilot Training (CAPT) мектебін таңдаудан басталды. Бұл бағдарлама әлемнің бүкіл ұшқыштары үшін Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымымен (ICAO) орнатылған Авиациялық ағылшын тілінің халықаралық стандарттарына сәйкес жоғарғы білікті қазақстандық ұшқыштарды оқытуға арналған.

Қазіргі уақытта Ab-initio бағдарламасының сегіз кадети Флоридадағы CAPT мектебінің қабырғасында оқып жатыр. Осының алдында мектепті де, үміткерлерді де іздестіру және іріктеу жұмысы кеңінен жүргізілді. Оқу орнына келген сәттен бастап 11 желтоқсаннан бері кадеттер күн сайын 7,5 сағаттан 12 апта ішінде тек ағылшын тілін оқумен айналысады. Әрі қарай олар бастапқы ұшу даярлығынан өтеді. 2010 жылдың басында оларға Commercial / Multi-Engine / Instrument License лицензиясы берілетін болады. 2009 жылы компания ұшқыштардың алғашқы даярлығына тағы да 16 кадетті жіберуді жоспарлап отыр. Бағдарлама бірнеше жылға көзделген.

### Ұшқыштар құрамын ағылшын тілі бойынша дайындау

«Эйр Астана» әуекомпаниясының ұшқыштар құрамы ICAO-мен орнатылған авиациялық ағылшын тілі стандартына сәйкес болу үшін ағылшын тілін үйрену курсы жалғастырып келеді. 2009 жылдың басына қарай жергілікті ұшқыштардың 60-тан астамы ICAO бойынша ағылшын тілінің төртінші деңгейіне жетуде. 2009 жылдың аяғына қарай барлық ұшқыштар өзінің ұшқыштық қызметін халықаралық алаңда жалғастыру мақсатында ICAO бойынша ағылшын тілінің төртінші деңгейін меңгеретін болады. Қазіргі сәтте «Эйр Астана» әуекомпаниясы осы мақсатқа жету жолында.

## ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДЫҚ

Инженерлік-техникалық департамент үшін 2008 жыл оқиғаға толы болды. Өуе кемелеріне деген үнемі өсіп тұратын талаптарға сәйкес жүйелі түрде техникалық қызмет көрсетумен қатар департамент көптеген техникалық жобаларға қатыстырылды. Есептік жылдағы анағұрлым маңызды болған жобалар:

- Алматыдағы ИТБ қызметкерлерімен алғаш рет іске асырылған А320 қозғалтқышын ауыстыру
- Rolls Royce компаниясымен V2500 қозғалтқыштарына Шотландияда техникалық қызмет көрсету бойынша келісімге қол қою
- Алматы мен Астанада THY, KLM, UPS, Austrian, Air Arabia, Aerosvit және Etihad қоса алғанда, басқа операторлармен техникалық қызмет көрсету бойынша келісім-шарттарға қол қою
- Жаңа жерүсті жабдықты сатып алу: ұшақтардың ішін жинау бөлімі үшін авто-трап, авто-лифт, жабдықты және жаңа каюта жылытқыштарын тіркеп сүйреуге арналған шағын трактор.

Департамент қызметкерлері үшін ең жақсы қанағаттандырылғы өндірістік жағдайларды қамтамасыз ету үшін бірқатар шаралар қабылданды. Сөйтіп, Алматы қ. Техникалық қызмет көрсету бөлімі Авиациялық-техникалық орталықтың ескі ангарлық кешенінен «Эйр Астана» АҚ (3-ші орталық) үшін арнайы құрылымдалған жаңа ангарлық кешенге көшті. Ұшақтардың ішін жинау бөлімі уақытша жалға алынған жайлардан 3-ші орталықтан қоймалық жайлардың берілуімен бірге арнайы жабдықталған жайларға ауыстырылды.

Жылдың маңыздылығы жағынан кем түспейтін оқиғалары: Ұлыбританияның Азаматтық авиация басқармасының EASA стандартының 145 тарауына сәйкестікке аудит жүргізу кезіндегі жақсы нәтижелерге қол жеткізу; Алматы қ. инженерлік-техникалық қызметкерлерді оқыту үшін Advanced Aircraft training Ағылшын компаниясының филиалынан EASA 147-тарау (оқытатын ұйымдарға қойылатын еуропалық талаптар) сертификатын алу. Есептік жылда Airbus және Boeing бағдарламалары бойынша ИТБ-нің 20 қызметкері тренингтен өткенін атап айту қажет.



Тұйықсу мұздығы





## БОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

«Эйр Астана» әуекомпаниясы үнемі сапаны жақсарту мен шығындарды тиімді етуге талпына отырып, борттық қызмет көрсетуге аса көп көңіл аударады.

### Бизнес класс

Бизнес-класс жолаушыларына әуекомпания ұшу кезінде әлемдік деңгейге сәйкес ыңғайлылықты қамтамасыз етеді. «Боинг 767», «Боинг 757» және «Эйрбас А320/А321» әуе кемелерінің бизнес-класс салондарының барлық орындары былға-ры-мен қапталған және жайлы орналастырылған (аралығы екі қадамнан асады). Әуекомпанияның барлық рейстерінде жеңсік тағам мен ыстық тағамдар беріледі, тамаша шараптар мен басқа да алкогольды сусындардың үлкен таңдауы бар.

### Эконом класс

«Эйр Астана» әуекомпаниясының «Боинг 767», «Боинг 757» және «Эйрбас А320/А321» эконом классының салондары кірістірілген ойын-сауық жүйесі бар ыңғайлы былғары креслолармен жабдықталған. Барлық халықаралық рейстерде жеңсік тағам мен ыстық тағамдар беріледі, тамаша шараптар мен басқа да алкогольды сусындардың үлкен таңдауы бар.

### Тамақтану

Әуекомпанияның рейстерінде ұсынылатын ас мәзірі әуекомпанияның борттық тамақтану қызметінің қызметкерлерімен Қазақстандағы және бүкіл әлемдегі серіктестерімен ынтымақтастықта әзірленеді.

«Эйр Астана» әуекомпаниясы ең үздік сапалы тамақты дайындау үшін оның жаңа піскендігі мен аспаздық құндылықтарына айрықша көңіл аудара отырып, сондай-ақ маусымдық өзгерістерді ескеріп, өз серіктестері мен олардың серіктестерінің қорларын тиімді пайдаланады.

### Борттағы ойын-сауық бағдарламасы

Салонның ыңғайлылығы мен борттық қызмет көрсету сапасынан бөлек, жолаушыларға ойын-сауық бағдарламаларының кең таңдауы беріледі. Бұған алуан түрлі музыкалық арналар, фильмдерден, теледидарлық реалити-шоу және т.б. тұратын әрқилы бейне бағдарламалар кіреді. Компанияның борттық журналы Тенгри – Қазақстан Республикасының тән танытпа карточкасы болып табылады.



## БОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

2008 ж. борттық қызмет көрсету саласында компания келесі бастамаларды іске асырды:

- Орыс және ағылшын тілдеріндегі соңғы кино-жаңалықтары
- Бір орындаушыға/топқа арналған «Центр Стейдж» аудио арнасын ендіру
- «Эйр Астана» әуекомпаниясы рейстер жасайтын елдердің музыкасына арналған аудио арнаны ендіру
- Бортсеріктерді іріктеу бойынша жаңа рәсімді ендіру
- Апаттық-құтқарушылық рәсімдер бойынша жаттықтырушыларды оқыту (бортсеріктерге арналған жыл сайынғы тренинг, қайталау тренингі, алғашқы тренингтің бір бөлігі тренерлермен базада өткізілді)
- Экипаждардың жұмысын оңтайландыру бойынша жаттықтырушыларды оқыту (бортсеріктерге арналған алғашқы және қайталау тренингі тренерлермен базада өткізілді)
- Базада қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша тренинг өткізу
- Базада сервис тренингін өткізу
- Сервиске оқыту үшін жаттықтырушы жабдық бойынша жұмысты аяқтау
- Бизнес және эконом кластардың ас мәзірін жақсарту
- «Фоккер 50» әуе кемесінде алыс қашықтыққа ұшу кезінде ыстық тамақпен қамтамасыз етуді енгізу
- Бизнес және эконом кластардың жаңа жабдықтарын енгізу
- Алматыда қазақстандық мердігерлер үшін халықаралық сертификат берілетін 3-күндік ITCA Food Safety Management курсы өткізу
- Белгілі бір жеткізіп берушілермен сусындар мен құрғақ өнімдерге бағаны түсіру мәселелері бойынша келіссөздер жүргізуді бастау
- Ағылшын тіліндегі тренингтерді ендіру
- Демалыстарға өтінім беру жүйесін ендіру



Талғар шыңы





## САТУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

### 2008 жылға шолу

2008 ж. компания дистрибуциясында құрылымдық өзгерістер болды. Қазақстанда өзара есеп айырысу жүйесін (BSP) және электронды билеттердің енгізілуі «Эйр Астана» әуекомпаниясына сатуды IATA-да тіркелген тікелей агенттіктерде жүргізу және өз клиенттеріне жеке қызмет көрсету кеңселерін ашу мүмкіндіктерін берді. Аптасына 7 күн, тәулігіне 24 сағат қызмет көрсететін брондау орталығы (Call Centre) құрылғаннан кейін билеттерді брондау және сату орталықтары Алматы, Астана қалаларында және кейінірек Атырау қаласында да ашылды. Дистрибуция тораптары еліміздің әуежайларында ашылған билеттерді брондау және сату орталықтарымен толықтырылды.

Қазақстандағы дистрибуция жүйесінің сәтті дамуына қосымша «Эйр Астана» өзара есеп айырысу жүйесінің (BSP) және аумақтарда әуекомпания бағыттар торабындағы аумақтарда да (онлайн аумақтарда), оның шетінде де (офлайн аумақтарда) IATA-BSP (IBCS) консалдаторлар жүйесінің көмегімен өз нарық пайын кеңейтті. Енді «Эйр Астана» әуекомпаниясының билеттері 37 нарықта қол жетерлік болды. Екі жақты келісім серіктестер саны 82 дейін өсті, IATA электронды билетке 100%-дық көшу жайлы нұсқауына орай компания 43 электронды интерлайн келісімдерге қол қойды.

Тікелей дистрибуцияны кеңейткеннен басқа офлайн нарығын дамытудағы маңызды сәттердің бірі 43 әуекомпаниялармен арнайы прорейттік келісімдерге (SPA) отыру болды, осы арқылы «Эйр Астана» компания жолаушылары әлем бойынша бәсекеге қабілетті тарифтермен 300 астам пункттарға бара алатын бағыттар санын көбейте алды. Дистрибуцияны және торапты кеңейтуде маңызды рөл атқарғандар қатарында Түркия мен Германия елдерінде Аумақтық бас менеджерлерді, сонымен қатар Ұлыбританияда, БАӘ және Тайландта орналасқан бұрыннан бар компания өкілдіктеріне қоса Оңтүстік Кореяда бас менеджерді тағайындауды атап кетуге болады. Бар болған код-шерингтік келісімдерге қоса «Эйр Астана» әуекомпаниясының код-шерингтік серіктестер қатарына Австрия әуежолдары және Эйр Балтик қосылды.

Нарықты кеңейту мақсатында «Эйр Астана» Түркия және Германия елдерінің агенттеріне сатуларды көбейткені үшін кейіннен біздің елде және басқа да елдерде енгізілетін марапаттау бағдарламаларын енгізді. Жыл бойғы тұрақты бизнесті қамтамасыз ету мақсатында шетел өкілдерімен корпоративті келісімдер базасы ұлғайтылды. Болашақта корпоративті сатуларға, әсіресе брондау орталықтары мен билеттерді брондау және сату кеңселерімен бірге жасалатын сатуларға көптеген көңіл бөлінеді, осы арқылы компания тұрақты тасымалдауларды қамтамасыз етіп қана қоймай, комиссия және брондау шығындарын үнемдей алады.

Жиі ұшатын жолаушыларға арналған Nomad Club бағдарламасы 2008 ж. 39 000 қатысушылар санына жетті, олардың ішіндегі 1 200 қатысушы таңдаулы деңгей жолаушылары. Бағдарлама мүшелерінің жеке базасының дамуымен қоса мәліметтер базасын сегменттеу мүмкіндігін тудыру мақсатында және тиімді маркетинг жүргізу үшін операциялық жүйе жетілдірілді.

Әуекомпания брендінің танымалдығын кеңейту және еліміздің жағымды имиджін алға тарту мақсатында АҚШ, Еуропа, Таяу Шығыста, сонымен қатар Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде көрмелер өткізілді. Компания Ұлыбритания, Германия, Түркия, Үндістан және Тайланд елдерінің агенттері мен журналистері үшін Қазақстанды таныстыру саяхаттарын жүргізді.

«Эйр Астана» әуекомпаниясының брендбугын жасап шығару – сауда белгісін қолдану ережелері – компания брендінің бірыңғай бейнесін алға шығаруда көптеген пайдасын тигізеді.



## САТУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

### 2008 ж. және 2009 ж. басындағы басымды міндеттерді жүзеге асыру нәтижелері


- 24/7 брондау орталығын ашу
- Алматы, Астана, Атырау және Мәскеу қалаларында билеттерді брондау және сату кеңселерін ашу
- Жергілікті әуежайларда билеттерді сату кеңселерін ашу
- Жаңа бағыттар: Үрімші, Бішкек (2009 ж. наурыз айынан бастап түйісулер Сеулге, сонымен қатар Мәскеу, Ыстамбұл, Дубай қалаларына)
- Офлайн нарығын ұлғайту: АҚШ, Канада, Италия, Франция, Бельгия, Ирландия, Чехия, Польша, Венгрия, Моғолстан, Австралия, Жаңа Зеландия, Филлипин аралдары, Гонконг, Вьетнам, Индонезия, Сингапур, Тайвань, Жапония, Бахрейн, Кувейт, Доха, Оман, Сауд Арабиясы, Иордания, Пәкістан, Израиль, Камбоджа
- Келесі компаниялармен прорейтерлік келісімдерге отыру: Cathay Pacific, Vietnam Airlines, Eva Air, Malaysian Airlines, Singapore Airlines, Japan Airlines, Thai Airways, Philippine Airlines, British Airways, Garuda Indonesia, Emirates, Kingfisher Airlines, Jet Airways, Sri Lankan Airlines, Hong Kong Express Airways, TAROM, Malev, Austrian Airlines, Korean Airways, Olympic Airlines
- Жыл бойы ұзақ мерзімді бизнесті қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік келісімдер жасау
- ЕС нарығында мақсатты марапатау бағдарламаларын енгізу
- Nomad Club бағдарламасының 39 000 мүшелері, олардың ішінде 1 200 таңдаулы деңгей мүшелері
- Мәскеу және Ыстамбұл қалаларындағы жақсартылған өкілдіктер.
- Жаңа код-шерингтік серіктестер: Австрия әуежолдары және Эйр Балтик
- Онлайн бағыттардағы BSP: Үндістан және Ресей
- Германия және Түркияда 0% деңгейдегі, Ұлыбританияда 1% деңгейдегі агенттік комиссияның енгізілуі
- Авиабилеттерді 100% электрондық брондауға көшу
- Табысты басқару PROS жүйесінің іске қосылуы
- АҚШ, Еуропа, Таяу Шығыстағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы көрмелерге қатысу
- Түркияда, Кореяда және Германияда «Эйр Астана» АҚ Аумақтық менеджерлерін тағайындау
- «Эйр Астана» АҚ брендбугының жасап шығарылуы
- ӘК дизайнының бояуын ауыстыру
- Үндістан, Тайланд, Түркия, Германия, Ұлыбритания елдерінің агенттік өкілдері мен бұқаралы ақпарат көздеріне Қазақстанды таныстыру саяхаттарын ұйымдастыру.



## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

Компанияның есеп беру жылында ақпараттық технологияларды дамыту бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатты, бизнесті жүргізуге және шығындарды азайтуға бағытталған маңызды жобалар жүзеге асырылды:

- Барлық халықаралық және ел ішіндегі әуежайларда электронды билеттерді енгізу дайындығына қажетті АТ инфрақұрылымды жетілдіру аяқталды
- Әлем бойынша қағаз билеттерді жою бойынша IATA талаптарына сәйкес 2008 жылдың маусым айында 100% электронды билеттерге көшу жүзеге асырылды.
- Өз ішінде техникалық және маркетингтік функцияларды қарастыратын, сонымен қатар электронды сатуларға және «Эйр Астана» брендінің интернет желісінде алға жылжуына жауап беретін жаңа электронды сауданы дамыту бөлімшелері жасалды. [www.airastana.com](http://www.airastana.com) корпоративті сайт жыл сайын өтетін қазақстандық Ұлттық Award.kz Интернет сыйлығына сәйкес 2008 жылдың Қазақстан бойынша электронды коммерцияның ең үздік сайты сыйлығын ұтып алды.
- Теңге төлемдерін қабылдау үшін Казкоммерцбанктың (Алматы қ.) төлем жүйесі және шетел валютасын қабылдауға арналған MIGS (Сидней қ.) төлем жүйесі сияқты екі төлем жүйелері арқылы онлайн төлемдерді қабылдау бойынша функционалдылық енгізілді.
- Russel Adams Engineering and Inventory System ескі жүйесі инженерлік жұмыстарды және әуе кемелерін түгендеуді басқару үшін жалпықабылданған заманға сай TRAX (АҚШ) жүйесіне ауыстырылды.
- Әуедегі қауіпсіздік, борттағы қауіпсіздік, жердегі оқиғалар есебін, ұшушылар есебі мен жұмыс түріне қатысты есептерді саралау мүмкіндіктерін беретін Mercator (БАӨ) компаниясы жасап шығарған iSentinel корпоративті қауіпсіздік жүйесі енгізілді.
- iSaturn жүйесі - Mercator (БАӨ) компаниясы тарапынан жасалған, волонтер командалары мен керекті мағлұматтарды іздеу және басқаруда көмектесетін, тосын жағдайларда жұмыс жүргізу жүйесі еңгізілді.
- Компанияның қызметкерлері үшін ұшу ақысын төлеу мен брондауға арналған iFly брондау жүйесі еңгізілді.
- Mercury компаниясының жүк тасымалдардан түскен табысты есептейтін ескі жүйенің орнына жүк тасымалдарын брондау және басқаруда ғаламдық iCargo жүйесі (жүк тасымалдардан түскен табысты есептейтін жүйені қосқанда) еңгізілді.
- Өнім берушілермен мәлімет алмастыруды жақсарту үшін борттық тамақтандыру инвойстарын басқару жүйесінің өзірлемесі аяқталды.
- Әр сатылған орыннан алынатын табысты көбейту мақсатымен, бар болған сұраныстар мен ұшақтағы бос орындар арасында ең жақсы сәйкестіктер таба алатын заманға сай және жетілдірілген PROS Revenue Management табыстарды басқару жүйесі еңгізілді.



«Абай өлеңдері» мұздығының бауырайында



## ТӘУЕКЕЛ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

2008 ж. әлемдік қаржы дағдарысына байланысты жылдың басында әлемнің барлық авиакомпаниялары әуежанармайдың қымбаттауы және іскер белсенділіктің төмендеуі сияқты үлкен қиыншылыққа кезікті, осының нәтижесінде екінші жарты жылда жолаушылар ағымы төмендеді. «Эйр Астана» АҚ өзгелер қатарлы осы жағымсыз оқиғаның құрбаны болды. Осыған қарамастан, көбіне тәуекелді басқарудағы ойластырылған саясаттың көмегімен әуекомпания жылдың соңын жағымды нәтижелермен аяқтады. Бұл сәттіліктің негізгі көзі компания тәуекелдерін басқарудағы ойластырылған саясат. 2008 жыл аралығында «Эйр Астана» әуежанармай бағасының құбылмалдылығының құрбаны болды. Осымен бірге компания менеджментіне әуежанармай бағасын хеджирлау келісімдерін жүзеге асыру мүмкіндігін беретін құжаттарды дайындау жұмыстарын тоқтатқан емес. 2008 жылдың алғашқы сегіз айында хеджирлаудың жүзеге асырылмағандығы көптеген зиянын тигізді, алайда қыркүйек айынан бастап мұнай бағасы төмендей бастағанда компания бұның жағымды әсерін толыққанды сезінді.

2008 жылы компания тәуекелдерді басқару процестерін жасау аясында айтарлықтай алға жылжыды. Тәуекелдерді басқару комитеті құрылды, тәуекелдер картасы жасалды, сонымен қатар әуежанармай бағасын хеджирлау саясаты жасалып, бекітілді.

### Негізгі тәуекелдер мен белгісіздіктер

2008 жылы компания қызметіне айтарлықтай зиянын тигізген негізгі тәуекелдердің сыртқы әсерлері бар, оларды келесі жолмен көрсетуге болады:

- Әуежанармай бағасының өсуі
- Дүниежүзілік экономикалық құлдырау
- Антимонополиялық бақылау
- Валюталық тәуекел.

### Жанармай бағасы

«Эйр Астана» АҚ жылына екі жүз мыңнан астам әуежанармайын тұтынады. 2008 жылғы жанармай шығындары компанияның операциялық шығындарының 28 құрайды (салыстыру үшін 2007 ж. – 23). Мұнай және жанармай бағасының өзгеруі операциялық нәтижелерге көптеген зияндығын тигізеді, осы жағдай 2008 жылы орын алды. Бұл шығындар жанармай салымдарының арқасында бөлшектей жабылып отырады. Компания оны халықаралық бағыттарға қолданды. Оған қоса, келешекте бұл тәуекел әуежанармай бағасын хеджирлау бағдарламасы арқылы жабылып отырады. 2008 жылдың аяғында Директорлар кеңесі саясат бойынша бекітілген лимиттер шегінде хеджирлау келісімдерін жасауға мүмкіндік беретін хеджирлау саясатын қабылдады.

### Дүниежүзілік экономикалық құлдырау

Әлемдік қаржы дағдарысы іскер белсенділікке айтарлықтай зияндығын тигізді, бұл жағдай 2008 жылдың 4-ші тоқсанында жолаушылар ағымы мен табыс жоспарларының орындалмауына әкеп соқты.

### Антимонополиялық бақылау

Әуекомпания ішкі нарықта басымды орынға ие болғандықтан антимонополиялық бақылаудың негізгі субъектісі болып табылады.

Бірінші жарты жылдағы әуекеросин бағасының өсуіне қарамастан монополияны реттеу агенттігі әуекомпанияның ішкі бағыттары бойынша жанармай салымдарын енгізу жайлы өтінімін қанағаттандырған жоқ.

### Валюталық тәуекел

Табыстың басым бөлігін (70% астам) компания теңге түрінде алады, осы арада 35% АҚШ долларымен табылады. Айтарлықтай валюталық тәуекел теңгенің құнсыздануына байланысты. Іскер адамдар арасында күтіліп отырған жағымсыз жағдайларға қарамастан 2008 жылы айтарлықтай теңге құнсыздануы болған жоқ.

### Тәуекел менеджменті

2008 жылы тәуекелдерді басқару процестерін формализациялау жұмыстары жалғастырылды. Комитет ережелеріне сәйкес ең үздік менеджерлерден құралған тәуекелдерді басқару комитеті құрылды. Аталған комитет тоқсан сайын компания тәуекелдерін басқаруға байланысты мәселелерді талқылау мақсатында жиналып отырады. Осындай кездесулердің нәтижесінде пайда болу ықтималдықтары және олардың компания кірісіне тигізетін әсері бөліп көрсетілген 2009 жылғы маңызды тәуекелдер картасы жасап шығарылды.


## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Эйр Астана» әуекомпаниясы (бқдан әрі - Қоғам) корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін көтеру мен оның беделін нығайту құралы ретінде қарастырады. Қоғамның корпоративтік басқаруы адалдық, шындық, жауапкершілік, айқындық, кәсіпкерлік пен құзыреттілік негіздерінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және Қоғамның табысты қызметіне, соның ішінде қаржылық тұрақтылықты ұстап ұстап тұруға және табыстылықты өсіруге септігін тигізеді.

Әуекомпания акционерлердің, жұмыскерлер мен басқа да мүдделі тұлғалардың мүдделерінің теңделуін қамтамасыз ете отырып, корпоративтік басқарудың ең жақсы тәжірибесін қолдануға ұмтылады.



### Корпоративтік басқару органдары



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

**Акционерлердің жалпы жиналысы** Қоғамның қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті Қоғамның жоғарғы органы болып табылады. Оның функциялары мен қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Жарғы ережелері мен Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

Қоғамның қызметін жалпы басқаруды, сондай-ақ Атқарушы органның қызметіне бақылауды (Акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа) Директорлар кеңесі іске асырады. **Директорлар кеңесі** заңнамамен белгіленген кең уәкілеттікке ие, өз міндеттерінің орындалуы үшін акционерлер алдында жауап береді. Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысымен кумулятивті дауыс беру жолымен сайланатын 6 мүшеден тұрады. Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамынан ұсынылатын 2 директорлар кеңесінің мүшесінен, «БАЕ СИСТЕМС (Қазақстан) Лимитед» тарапынан ұсынылатын 2 директорлар кеңесінің мүшесінен, және 2 тәуелсіз директордан тұрады. Директорлар кеңесінің сандық құрамы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерімен анықталады. Директорлар кеңесінің үміткерлері мен мүшелерінің азаматтығы және (немесе) қол астына қараған ел азаматтығы кез келген болуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мәжілістері жыл сайын оның уәкілеттігі басталған мерзімнен бастап, ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидаларына сүйене отырып құрастырылатын кестеге сәйкес жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылатын анағұрлым маңызды мәселелерді алдын-ала қарастыру үшін 2008 ж. наурызында Қоғамда Директорлар кеңесінің үш **комитеті** – Аудит бойынша комитет, Сыйақы бойынша комитет, Тағайындау комитеті құрылды.

Комитеттердің мүшелері Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылады. Олардың біреуі Комитет төрағасымен Тәуелсіз Директорлар қатарынан тағайындалады. Комитеттер мүшелерінің уәкілеттік мерзімдері олардың Директорлар кеңесі мүшелері ретіндегі уәкілеттік мерзімдерімен тура келеді.

Компанияның ағымдағы қызметін басқару бойынша функцияларды, мақсаттарды, стратегиясы мен саясатын жүзеге асыруды жеке **Атқарушы орган** – Президент іске асырады. Атқарушы орган Директорлар кеңесі мен акционерлердің Жалпы жиналысы алдында есеп береді.

Басқару органдарының барлығы жүйелі түрде мәжілістер өткізіп тұрады, онда олардың әрқайсысының құзыретіне жатқызылған мәселелер қарастырылады.

2008 жылы шілде айында Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттік «Эйр Астана» АҚ-ға Қазақстан Республикасындағы жоғарғы көрсеткіш болып табылатын корпоративтік басқарудың деңгейіне 5+ рейтингін берді:

- Меншік құрылымы және сыртқы әсер
- Акционерлердің құқықтары және қаржылық мүддесі бар тұлғалармен қатынастары
- Қаржылық айқындылық, ақпаратты жариялау және аудит
- Директорлар кеңесінің құрамы мен тиімділігі.



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### Акционерлердің Жалпы жиналысы

2008 жылдың ішінде «Эйр Астана» АҚ-ның 6 Акционерлердің Жалпы жиналысы, соның ішінде 4 жиналыс көзбе-көз түрде өткізілді.

Жиналыс күні	Акционерлердің Жалпы жиналыстарында қарастырылған мәселелер
7 наурыз	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қоғамның корпоративтік басқару Кодексін бекіту</li> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерін, соның ішінде аудит, сыйақылар және тағайындау бойынша комитеттер құру және олардың құрамын анықтау туралы шешімдерді қабылдау</li> <li>■ Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы Ережені бекіту</li> </ul>
30 сәуір	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесінің жеке мүшелерінің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау; Қоғамның тәуелсіз директорына төленетін сыйақы және (немесе) өтемақы мөлшері мен төлеу шарттарын бекіту</li> </ul>
24 мамыр	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағалары мен комитеттерінің, соның ішінде аудит, сыйақылар және тағайындау бойынша комитеттердің мүшелерін сайлау туралы шешімді бекіту</li> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит бойынша комитеті туралы Ережені бекіту</li> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесінің сыйақылар бойынша комитеті туралы Ережені бекіту</li> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесінің тағайындау бойынша комитеті туралы Ережені бекіту</li> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 23 мамырдағы Қоғамның Airbus S.A.S. компаниясымен алты (6) жаңа реактивті тарфюзеляжды қозғалтқыштары қондырылған А320 текті А319-100 әуе кемелерін сатып алу (тұрақты тапсырыстар) және үш (3) қосымша опцион бойынша ірі мәміле жасасуы туралы шешімін бекіту</li> <li>■ Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінен 10 (он) және одан артық пайызды құрайтын сомаға немесе Қоғамның әуе кемелерін сатып алу бойынша ірі мәмілелер жасасуымен байланысты 5 000 000 (бес миллион) АҚШ долларынан астам сомаға ұлғайту туралы шешімді қабылдау.</li> </ul>



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Жиналыс күні	Акционерлердің Жалпы жиналыстарында қарастырылған мәселелер
24 шілде	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қоғамның 2007 жыл үшін жылдық есебі</li> <li>■ Қоғамның 2007 жыл үшін жылдық қаржылық есептілігін бекіту</li> <li>■ Қоғамның 2007 жыл үшін таза табысты үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту</li> <li>■ Қоғамның өндіріс жөніндегі вице-президенті мен Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президентінің уәкілеттігін тоқтату және тағайындау</li> </ul>
15 қазан	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қоғамның 2008-2010 жж. үшін аудит жасайтын аудиторлық ұйымды анықтау</li> <li>■ 2006 – 2007 жж. үшін Қоғам президентіне төленетін сыйақының мөлшерін бекіту</li> <li>■ Қоғамның келесі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы туралы 2008 жылғы 29 тамыздағы шешімдерін бекіту: <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Гелиос» ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізіп беру бойынша</li> <li>- «Тургай Петролеум» АҚ-мен авиациялық керосинді жеткізіп беру бойынша</li> <li>- «Петро Қазақстан» Сауда Үйі» ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізіп беру бойынша</li> <li>- A.J. Walter (Aviation) Limited компаниясымен «Boeing 757-200/767-300» әуе кемелері үшін құрауыштар мен қосалқы бөлшектерді жеткізіп беру бойынша</li> <li>- Rolls Royce LLP компаниясымен IAE V2500 типті қозғалтқыштарды іргелі жөндеуден өткізу бойынша</li> <li>- Pegasus Aviation компаниясымен 757-200 типті үш әуе кемесіне лизинг келісім-шартын ұзарту бойынша</li> </ul> </li> <li>■ Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінен 10 (он) және одан артық пайызды құрайтын сомаға немесе Қоғамның ірі мәмілелер жасасуымен байланысты 5 000 000 (бес миллион) АҚШ долларынан астам сомаға ұлғайту туралы шешімді қабылдау</li> </ul>
26 желтоқсан	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау. Қоғамның тәуелсіз директорларына төленетін сыйақы және (немесе) өтемақы мөлшерлерін және төлеу шарттарын бекіту.</li> </ul>

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### Директорлар кеңесінің мәжілістері

2008 жылы Директорлар кеңесінің 7, соның ішінде 3 көзбе-көз мәжілісі өткізілді.

Мәжіліс күні	Директорлар кеңесімен қарастырылған мәселелер
6 наурыз	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қоғам президентінің 2007 жылғы Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің алдын-ала нәтижелері туралы есебі</li> <li>Қоғамның әуе кемелерін сатып алу мәселесі бойынша ақпарат</li> <li>Қоғамның корпоративтік басқару Кодексін алдын-ала мақұлдау</li> <li>Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін, соның ішінде аудит, сыйақылар және тағайындау бойынша комитеттерін құру және құрамдарын анықтау туралы шешімді алдын-ала қабылдау</li> <li>Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы Ережесін алдын-ала бекіту;</li> <li>Қоғам жұмыскерлерінің іссапарлары туралы Ережені бекіту</li> <li>Қоғамның Директорлар кеңесінің 2008 жылға жұмыс жоспары мен мәжіліс кестесін бекіту</li> </ul>
31 наурыз 23 мамыр	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қоғамның Басқару есептілігін ендіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту</li> <li>Қоғамның корпоративтік басқару Кодексін ендіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту</li> <li>Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағалары мен комитеттерінің, соның ішінде аудит, сыйақылар және тағайындау бойынша комитеттердің мүшелерін сайлау</li> <li>Қоғамның іскерлік этика Кодексін бекіту</li> <li>Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит бойынша комитеті туралы Ережені алдын-ала бекіту</li> <li>Қоғамның Директорлар кеңесінің сыйақылар бойынша комитеті туралы Ережені алдын-ала бекіту</li> <li>Қоғамның Директорлар кеңесінің тағайындау бойынша комитеті туралы Ережені алдын-ала бекіту</li> <li>Қоғамның Airbus S.A.S. компаниясымен алты (6) жаңа реактивті тарфюзеляжды қозғалтқыштары қондырылған А320 текті А319-100 әуе кемелерін сатып алу (тұрақты тапсырыстар) және үш (3) қосымша опцион бойынша ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау; Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінен 10 (он) және одан артық пайызды құрайтын сомаға немесе Қоғамның әуе кемелерін сатып алу бойынша ірі мәмілелер жасасуымен байланысты 5 000 000 (бес миллион) АҚШ долларынан астам сомаға ұлғайтуды алдын-ала бекіту</li> </ul>
19 маусым	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қоғам президентінің “HSBC Түркия” банкінде есеп шоттарын ашу туралы шешімін бекіту</li> <li>Қоғам президентінің 2007 жылғы Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы жылдық есебі</li> <li>Қоғамның қауіпсіздікті қамтамасыз ету және авиациялық оқиғалардың алдын-алу бойынша бағдарламасы</li> <li>Қоғамның 2007 жыл үшін жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту</li> <li>Қоғам президентінің 2008 жылдың бес айы үшін Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің алдын-ала нәтижелері туралы есебі</li> <li>Қоғамның Директорлар кеңесінің 2007 жыл үшін таза табысты үлестіру тәртібі туралы және 2007 жыл үшін Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсынысы</li> <li>«Boeing-787» әуе кемелерін сатып алуға қатысты келіссөздердің жағдайы жайлы ақпарат</li> </ul>

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Мәжіліс күні	Директорлар кеңесімен қарастырылған мәселелер
29 тамыз	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қоғамның ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту</li> <li>■ Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау</li> <li>■ Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның Өндіріс жөніндегі вице-президенті мен Инженерлік-техникалық қамтамасыздық жөніндегі вице-президенттің уәкілеттігін тоқтату және оларды тағайындауға қатысты ұсыныстар жасау</li> <li>■ Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғам президентіне 2006 – 2007 жж. жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы төлеуге қатысты ұсыныстар жасау</li> <li>■ Қоғамның ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің 2007 жылдың жұмыс нәтижелері бойынша сыйақылық төлемнің мөлшерін анықтау</li> <li>■ 2008–2010 жж. үшін Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жасайтын аудиторлық ұйымның қызметтерінің төлемақысының мөлшерін анықтау</li> <li>■ Қоғамның келесі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы туралы шешімдер қабылдау: <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Гелиос» ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізіп беру бойынша</li> <li>- «Тургай Петролеум» АҚ-мен авиациялық керосинді жеткізіп беру бойынша</li> <li>- «Петро Қазақстан» Сауда Үйі» ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізіп беру бойынша</li> <li>- A.J. Walter (Aviation) Limited компаниясымен «Boeing 757-200/767-300» әуе кемелері үшін құрауыштар мен қосалқы бөлшектерді жеткізіп беру бойынша</li> <li>- Rolls Royce LLP компаниясымен IAE V2500 типті қозғалтқыштарды іргелі жөндеуден өткізу бойынша</li> <li>- Pegasus Aviation компаниясымен 757-200 типті үш әуе кемесіне лизинг келісім-шартын ұзарту бойынша</li> </ul> </li> <li>■ Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінен 10 (он) және одан артық пайызды құрайтын сомаға немесе Қоғамның ірі мәмілелер жасасуымен байланысты 5 000 000 (бес миллион) АҚШ долларынан астам сомаға ұлғайтуды алдын-ала бекіту</li> <li>■ 2006 – 2007 жж. жұмыс нәтижелері бойынша Қоғамның Президентіне сыйақы төлеуге қатысты акционерлердің Жалпы жиналысына ұсыныстар жасау.</li> </ul>
13 қазан	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қоғам президентінің 2008 жылдың 8 айы үшін Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебі және 2008 жылдың аяғына дейінгі болжамдар</li> <li>■ Әуе кемелерінің кеңфюзеляжды типін таңдаудағы Қоғам президентінің ұсыныстары</li> <li>■ Әуе кемелерінің аймақтық реактивті типін таңдаудағы Қоғам президентінің ұсыныстары</li> <li>■ 2007 жыл үшін дивидендтерді төлеген соң Қоғамның иелігінде қалған қаражаттардың жұмсалуды туралы есеп</li> <li>■ Қоғамның ұшу қауіпсіздігі туралы есебі</li> </ul>
17 қараша	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдерінің 2008 жылдың тоғыз айындағы орындалу жағдайы туралы Қоғам президентінің есебі</li> <li>■ Қоғам президентінің келесі банктерде Қоғамның есеп шоттарын ашу туралы шешімін бекіту: HSBC Ұлыбритания, HSBC Германия, HSBC Тайланд, «Ситибанк Қазақстан» АҚ, «HSBC Банк Қазақстан ЕБ» АҚ</li> <li>■ Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу бағдарламасын бекіту</li> <li>■ Қоғамның Өкілдіктері туралы Ережелерге өзгертулерді бекіту.</li> </ul>

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



### **Аудит бойынша комитет**

Директорлар кеңесінің алдын-ала мақұлдауымен Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен 2008 жылдың 07 наурызында құрылды. Аудит бойынша комитеттің қызметі ішкі және сыртқы аудит мәселелері, қаржылық есептілік, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару, Заңнаманы сақтау, сондай-ақ Директорлар кеңесі тапсырған басқа да мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне қолғабыс етуге бағытталған.

Аудит бойынша комитет Тәуелсіз директорлар болып табылатын екі адамнан тұрады. 2008 ж. ішінде Аудит бойынша комитеттің үш мәжілісі өткізілді.

### **Сыйақылар бойынша комитет**

Директорлар кеңесінің алдын-ала мақұлдауымен Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен 2008 жылдың 07 наурызында құрылды. Сыйақылар бойынша комитеттің қызметі сыйақысы Директорлар кеңесімен/акционерлермен келісілетін Қоғамның директорларына, Атқарушы органы мен өзге жұмыскерлеріне сыйақы төлеу мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеумен байланысты.

Сыйақылар бойынша комитет Тәуелсіз директорлар болып табылатын екі адамнан тұрады. 2008 ж. ішінде сыйақылар бойынша комитеттің екі мәжілісі өткізілді.

### **Тағайындау бойынша комитет**

Директорлар кеңесінің алдын-ала мақұлдауымен Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен 2008 жылдың 07 наурызында құрылды. Тағайындау бойынша комитет тағайындалуы немесе тағайындауды келістірілуі Директорлар кеңесімен/акционерлермен іске асырылатын Директорлар кеңесінің құрамына, Атқарушы органға білікті мамандарды және Қоғамның өзге жұмыскерлерін жұмысқа тарту бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар жасайды.

Тағайындау бойынша комитет үш директордан тұрады, олардың кем дегенде біреуі Тәуелсіз директор болып табылады. 2008 ж. Тағайындау бойынша комитеттің екі мәжілісі өткізіледі.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

### Тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері

1. «Эйр Астана» АҚ Тәуелсіз директорлары лауазымына үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарына мыналар кіреді:

- Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Тәуелсіз директор мәртебесіне сәйкес болу: Тәуелсіз директор – осы акционерлік қоғамның еншілес-үлестес тұлғасы болып табылмайтын және оның директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болмаған, осы акционерлік қоғамның еншілес-үлестес тұлғаларына қатысты еншілес-үлестес тұлға болып табылмайтын; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның еншілес-үлестес тұлғасы болып табылатын ұйымдардың лауазымды тұлғаларымен бағыныштылық байланысы жоқ; мемлекеттік қызметкер емес; осы акционерлік қоғамның аудиторы емес және оның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспайтын және оның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде сондай аудитке қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі.
- жоғарғы білімнің акционерлік қоғамның негізгі қызметіне сәйкес саладан болғаны жөн;
- кемінде бес жылдық жетекшілік жұмыс тәжірибесінің (заңды тұлғаның жетекшісі немесе оның орынбасары, акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі) акционерлік қоғамның негізгі қызметіне сәйкес саладан болғаны жөн;

2. Келесі тұлға Тәуелсіз директор ретінде ұсыныла алмайды:

- өзі басшылық еткен кезеңде банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлі таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшысы болған тұлға банкроттық, консервация, санация, мәжбүрлі тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде;
- заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алып тасталмаған соттылыққа ие тұлға.

### Ішкі аудит

«Эйр Астана» АҚ ішкі аудитін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен 2007 жылы 6 желтоқсанда құрылған ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

Қызметтің негізгі міндеті ішкі бақылау жүйесінің пайдалылығын және оның Қоғам қызметінің ауқымы мен сипатына сәйкестігін тексеру болып табылады. Бұл міндет өндірістік-қаржылық үрдістер аудитін жүргізу, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен өкілдіктерін, бухгалтерлік есептілік пен операциялық-технологиялық құжаттаманы тексеру арқылы атқарылады.

Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне есеп береді. Ішкі аудит қызметінің жұмыс барысын аудит жөніндегі комитет тексереді.

Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, 2008 жылы 07 наурызда Жалпы акционерлер жиналысымен бекітілген ішкі аудит қызметі туралы ережеде белгіленген.

Комсомол шыңы



## АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ИНВЕСТИТОРЛАРҒА

### Дивидендтер

- ▶ Дивидендтер төлеуге жұмсалатын қаражат Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына сәйкес жасалған қаржылық есептілік негізінде белгіленетін таза табыстың 25% құрайды.
- ▶ 2007 жылы Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері 63 707 (алпыс үш мың жеті жүз жеті) теңге 50 тиын болды.
- ▶ 2008 жылы Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері 30 208 (отыз мың екі жүз сегіз) теңге болды.



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

«Эйр Астана» АҚ кадр саясатының концепциясы келесі негізгі бағыттардан тұрады:

- Компанияның жалпы мақсаттарына жету жолында үздіксіз оқыту бағдарламасы арқылы әр қызметкерлердің дамуы үшін барлық мүмкіндік туғызу.
- Қызметкерлердің сіңірген еңбегі, кәсіптік бірлігі, жетістіктерімен «Эйр Астана» командасын нығайтудағы жеке үлесі негізінде оларды қызықтыру, бағалау, сыйақы беру және мансабын өсіруге ықпалдасу.

#### 2008 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлердің тізімдік саны, ад.

Ұшқыштар (KZ)	220
Бортсеріктер	920
Инженерлер	167
Басқа қызметкерлер	1567
Барлық штат қызметкерлері	2 874

Қызметкерлердің жартысынан көбінің жоғарғы білімі бар.  
Қызметкерлердің орта жасы – 31 жас.

### Қызметкерлерді қабылдау

«Эйр Астана» компаниясы мұқият таңдай отырып, бос жұмыс орындарын толтыру үшін анағұрлым лайықты үздік үміткерлерді қабылдайды. Осы мақсатты көздеп, компанияда 25 негізгі лауазым орындарына арналған әңгімелесуді өткізу бойынша нұсқаулықтар жасалған және қолданылып келеді. Сондай-ақ үміткерлер үшін кәсіптік тесттер енгізіліп, пайдаланылуда.

«Эйр Астана» дарынды түлектерді жұмысқа тарту бойынша жұмысын үздіксіз жүргізуде. Бұл орайда Қазақстан Республикасының Азаматтық Авиация академиясымен және Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар мен әлем тілдері университетімен ынтымақтастық туралы шарттар жасалған. Практиканың нәтижелері бойынша жұмысқа 12 түлек қабылданған.

### Корпорациялық оқыту және дамыту

Жұмыскерлерді оқыту және дамыту «Эйр Астана» АҚ маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

2008 ж. қызметкерлерді корпорациялық оқыту және дамыту аясында келесі бірқатар шаралар өткізілді:

- басқару және бағалау дағдыларын жақсартатын, менеджерлерге арналған Managing People Performance (IATA) тренингін ұйымдастыру – 43 қатысушы
  - жыл сайынғы бюджет жасау үрдісіне дайындық аясында бюджеттеу курсын (тренинг + ішкі семинарлар) ұйымдастыру және өткізу. Тренингті өткізуге сырттан провайдер, сондай-ақ қаржы блогының мамандары тартылған. Мақсатты аудитория: өз департаментінде бюджет жасау үшін жауапты мамандар – 100 қатысушы
  - «Бағалаушы интервью» тренингін өткізу (сыртқы провайдер), бағалау бойынша ішкі семинарлар әзірлеу және өткізу (ішкі тренерлер) – әртүрлі департаменттерден 153 маман оқытылды
  - жаңа жұмыскерлердің компанияда анағұрлым тез бейімделуін көздейтін жаңа қызметкерлерге арналған ориентациялық бағдарлама – 623 қатысушы
  - «Ағылшын тілінде іскерлік хат алмасу» тренингін ұйымдастыру – 80 қатысушы
  - «Іскерлік ағылшын тілі» курсын ұйымдастыру – 143 қатысушы
  - Алматы, Астана, Атырау қалаларындағы Call Centre және Сату кеңселерінің қызметкерлеріне арналған «Телефонмен тілдесу» тренингін өткізу – 54 қатысушы
- Барлығы 2008 ж. 999 қызметкер оқытылды.



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

### 2008 ж. жобалары

2008 ж. қарашада қызметкерлер арасында жасырын пікіртерім өткізілді, бұл қызметкерлердің компаниядағы жұмысына жалпы қанағаттылығын, сондай-ақ қызметкерлердің корпорациялық мақсаттарды, компанияның даму міндеттері мен бағыттарын түсінуін бағалауға, қызметкерлердің компания басшылығына сенім дәрежесін, компанияның жұмыс беруші ретінде қызықтырушылық дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді.

Қызметкерлерді бағалауға қатысты басқа департаменттердің менеджерлерімен бірлестікте «Эйр Астана» АҚ қызметкерлерді бағалау жүйесі» тақырыбына фокус-топтарды өткізу барысында жыл сайынғы қызметкерлерді бағалаудың қолданыстағы критерийлеріне индикаторлар әзірленген болатын. Есептік жылда қызметкерлерді бағалау қазанның 1-нен 31-не дейін жүргізілді. Қызметкерлерді басқару және әкімшілік мәселелер жөніндегі департаменттің ынталарының бірі жиі қойылатын сұрақтарға жауап-түсініктемелері бар ақпараттық кітапшаларды жасап, жұмыскерлер арасында тарату болды.

### Кәсіподақ

Жыл ішінде әуекомпания қызметкерлері «Авиация жұмыскерлерінің кәсіптік одағының» жұмысына, сондай-ақ түрлі кәсіподақ конференцияларына қатысты. Жұмыскерлер арасында түсіндірме жұмыстары өткізіліп, сұрақтарға жауаптары бар кәсіподақтың кітапшалары таратылды.

### Еңбекті қорғау

Еңбекті қорғау саласында «Эйр Астана» компаниясы заңнама мен нормативтік корпорациялық құжаттар талаптарының сақталуын, жұмыс орындарының жай-күйін, сондай-ақ жабдықтардың, машиналар мен механизмдердің қажетті сынақтардан және техникалық қуәландырудан өткізілуін қатаң қадағалайды.

2008 ж. еңбекті қорғау шараларының ішінде әуекомпания жұмыс орындарын аттестациялауды өткізді. Сонымен қатар, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы танылған халықаралық стандарттарды сақтау және компанияның оларға сәйкес болуы үшін еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша OHSAS 18001-2007 халықаралық сертификациясын енгізуге дайындық басталған болатын.

### Әлеуметтік жинақ

Компания қызметкерлерінің әлеуметтік жинағы медициналық сақтандырудан, компания мен оның серіктестерінің әуебилеттеріне, спорттық шараларға және фитнес клубқа жеңілдіктерден тұрады.



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



«Эйр Астана» әуекомпаниясы облыстық №1 жетімдер үйі мен «Жанұя» арнаулы балалар кешенінің тәрбиеленушілері арасында «Менің арным – ұшақтар», «Ұшқыш болғым келеді», «Бортсерік болғым келеді», «Ұшақтар аспанда», «Ұшақ және мен» тақырыптарына сурет байқауын өткізді. Барлық суреттер жарқын, қызықты және көркем болып шықты. Байқауға барлығы 130 жұмыс ұсынылды және олардың 12-сі әуекомпанияның 2009 жылғы корпоративтік күнтізбесіне енгізілді.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

### ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР

«Эйр Астана» АҚ-ның қайырымдылық әлеуметтік бағдарламалар жүйесі келесі қағидаларға сүйеніп құрылған:

#### ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Компания қоғамдық сұраныстар мен әртүрлі әлеуметтік топтардың қажеттіліктеріне ерекше көңіл бөледі.

#### НӘТИЖЕЛІЛІК

Компания маңызды деп саналатын (спорт, мәдениет, ғылым, білім беру) салаларда жағдайдың жақсы жаққа қарай өзгеруіне, нәтижелеріне бағытталған.

Әуекомпания бағдарламаларын шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

- әлеуметтік тасымалдау бағдарламалары
- серіктестік бағдарламалар
- жеке және заңды тұлғаларға бір реттік қолдау көрсету

Осы бағдарламалардың көпшілігінің логикалық құрамдас бөлігі — профильді қызмет көрсету (жеңілдетілген және тегін билеттер беру, жеңілдетілген және тегін жүк тасымалдау).



### «Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына қолдау көрсету» бағдарламасы

#### «Соғыс жорықтары жолымен» акциясы

Жыл сайын, көктемде, Жеңіс күні қарсаңында, «Эйр Астана» Ұлы Отан соғысы ардагерлерін Қазақстанның барлық қалаларына және ТМД елдеріне (Мәскеу, Баку, Бішкек) тегін билеттер бере отырып, құттықтайды. Соғыс ардагерлері мен мүгедектері әуекомпанияның тұрақты сапарларына тегін билеттер ала алады. Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектерін ілестіріп жүрген тұлғаларға 50% жеңілдік беріледі. 2008 жылы осы акция артықшылықтарымен 241 ҰОС қатысушысы және 89 ілестіруші қолданды.

Акция 2002 жылдан бері Қазақстан Республикасы тұрғындарының Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктеріне тағзым ету ретінде өткізіледі.

#### Ауру балалар мен мүгедектерге көмек

2008 жылы «Эйр Астана» ауыр дерттерге шалдыққан балаларға көмек көрсетуге арналған «Үміт Қанаттары» бағдарламасына қатысты. Әуекомпания ұшақтары балаларды емделу үшін Қазақстанның барлық аймақтарынан Мәскеуге, Бейжінге, Ыстамбұлға, Франкфуртқа жеткізіп отырды. Жобада, сондай-ақ, Ерікті мейірімділік қоғамы қоры қатысты. Тек 2008 жылы ғана әуекомпания ауыр дерттерге шалдыққан балалар мен ілесіп барған ата-аналарға шамамен 80 тегін билет берді.

Әуекомпания Ресей Федерациясынан Қазақстанға кардиолог-дәрігерлердің келуін ұйымдастырды. Осы сапарлар нәтижесінде мыңнан астам балалар қаралды: нақты диагноздар қойылды, емдеу түзетілді, жедел хирургиялық емді қажет ететіндер анықталды.

Сондай-ақ компания неміс дәрігерлердің ұшып келуін ұйымдастырды, олар өздерімен бірге онкологиялық ауруларға шалдыққан балаларға өмірлік қажетті дәрілер алып келді.

Есеп беру жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы «Боинг» компаниясына балаларға арналған ұйымдарға («Кеңес» қоры/БЦП синдромы бар балаларға арналған мектеп) демеушілік көмек көрсету бенефициарын іздеуде қол ұшын тигізді.

Сәуірде және мамырда «Эйр Астана» авиакомпаниясының қолдауымен Шымкентте, Астанада, Алматыда, Оңтүстік Қазақстан облысындағы АИВ жұқтырған балалар от-

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

басына көмек ретінде қайырымдылық концерттері өткізілді. Қайырымдылық концерттерінен жиналған қаражат ЖИТС-орталықтарының шоттарына, сондай-ақ ЖИТС-пен күресу және алдын-алу саласындағы ғылыми ізденістерге жіберілді.

Көмек алушылар аясын кеңейту үшін «Эйр Астана» өзінің Қызыл Крест жобаларына қатысуын жалғастырды.

*«Эйр Астана» – балаларға!*

Жаздық демалыстар күніне орай «Эйр Астана» әуекомпаниясы «Эйрбас А320» әуе кемесінің бортында «Эйр Астана – балаларға!» акциясын өткізді. Алматы облысындағы №1 балалар үйінің 78 тәрбиеленушісі өз өмірлеріндегі алғаш Алматы – Балқаш – Алматы бағдары бойынша ұшуын жүзеге асырды, ол тек қызықты ғана емес, сондай-ақ танымды болды, әрі балалардың ой-өрісін кеңейтті. Әуекомпания үшін бұл акция тек қайырымдылық бағдарламасының бір бөлігі ғана емес, сондай-ақ балаларға авиацияны және оны құрайтындардың барлығын – ұшақтарды, ұшқыштарды, бортсеріктер командасын көрсету мүмкіндігі болды.

Есептік жылы «Эйр Астана» Алматы облысының №1 балалар үйінің және Алматы қ. «Жанұя» арнайы кешенінің тәлімгерлері арасында сурет сайысын өткізді. Сурет салғанда балалар «Менің арманым – ұшақтар», «Ұшқыш болғым келеді», «Стюардесса болғым келеді», «Аспандағы ұшақтар», «Ұшақ және мен» тақырыптарына қиялдады. Барлық суреттер сондай жарқын, қызықты әрі түрлі-түсті бояуда жасалды. Сайысқа қатысқан барлық жұмыстар саны 130 болды, олардың ішіндегі 12 сурет әуекомпанияның 2009 жылға арналған корпоративтік күнтізбесіне кіргізілді. Барлық балаларға алғыс ретінде естелік сувенирлер мен циркке жаңажылдық көрсетілімге билеттер сыйлыққа берілді. Ал сайыс жеңімпаздары «Эйр Астана» әуекомпаниясының ұшағымен қызықты саяхатқа – Қазақстан бойынша экскурсияға сапар шекті.

Астанамыздың 10-жылдығына «Эйр Астана» Астана қаласының №1 балалар үйіне 26 орындық FAW маркалы автобусын тарту етті.



## ӨЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Эйр Астана» аналықты, қамқорлықты және балалық шақты қорғау жөніндегі «Алтын-Қол» Қоғамдық қайырымдылық қорымен бірлесе отырып, толық емес және ахуалы нашар жанұялардан шыққан балаларға курорттық-сауықтыру шараларын алу үшін Ыстық Көлге сапарларын қаржыландырып, ұйымдастырып берді. Компанияның тағы да бір бастамасы көпбалалы және ахуалы нашар жанұялардан шыққан балаларға (65 бала) жаңа оқу жылына арналған керек-жарақтарын сатып алуды қаржыландыру болды.

### «Спортты қолдау» бағдарламасы

«Эйр Астана» әуекомпаниясы қызметінің ең басымды бағытының бірі — қазақстандық спортқа қолдау көрсету. Алдыңғы жылдардағыдай, «Эйр Астана» Халықаралық Kazakhstan Open 2008 гольф турнирінің, Қазақстан Велоспорт федерациясының, Футбол федерациясының және ҚР Регбистер кеңесінің демеушісі болды.

Visa International компаниясымен бірлестікте, “Visa Олимпиялық қозғалысы. Сенің Пекинге барар жолың» акциясы сәттілікпен өткізілді, ондағы басты жүлде Пекиндегі Олимпиялық ойындарға екі адамға арналған жолдама болды.

### «Мәдениет пен өнерді қолдау» бағдарламасы

«Роберт Бернс поэзия кеші» және олимпиялық чемпиондар Наталья Бестемянова, Андрей Букин мен Игорь Бобриннің қатысуымен өтетін Алматыдағы «Жаңа Жылдық мұз көрсетілімі» де «Эйр Астана» әуекомпаниясының тұлғасында сенімді демеушісін тапты.

Бірнеше жыл бойы «Эйр Астана» «Бозторғай» балалар шығармашылығының халықаралық сайысына қолдау көрсетіп келеді. Алматыға біздің еліміздің барлық облыстарынан, сондай-ақ таяу және алыс шет елдерден жас бишілер, әншілер, халық орындаушылары жиналады. Сайысқа барлығы 900-ге жуық дарынды бала қатысты.

### «Эйр Астана» – Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің қатысушысы

2008 жылдың сәуірінде «Эйр Астана» біздің еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі дәстүрлі және маңызды оқиғасы – Еуразиялық Медиа Форумның ресми серіктесі болды. «Эйр Астана» сонымен қатар астаналық экономикалық форум, Еуразиялық Әйелдер Саммиты, Еуропа күндері сияқты қоғамдық-саяси оқиғаларға қолдау көрсетті.



Орталық Тянь-Шань тауы және Түзкөл көлі



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасы мен ұшып шығатын елдердің экологиялық талаптары шегінде әрекет ететін «Эйр Астана» әуекомпаниясы жұмыскерлердің, мердігерлердің және қосалқы мердігерлердің қоршаған ортаға тигізілетін зиянды азайту міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге талпынады

### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Әуекомпания келесі мәселелерге айрықша назар аударады:

- атмосфераға зиянды заттардың шығарындылары бойынша нормативтерді сақтау
- қалдықтарды орналастыру лимиттерін сақтау
- технологиялық жабдықты пайдалану бойынша талаптардың орындалуы
- бағынышты құрылымдық бөлімшелер орналастырылған аумақтарды, ғимараттарды, құрылыстарды тиісті түрде ұстау
- қоршаған ортаны қорғау бойынша жоспарлар мен іс-шаралардың компания бөлімшелерінде орындалуын тексеру

### Экологиялық бағдарламалар

«Эйр Астана» әуекомпаниясының 2008 жылы маңыздылығы жағынан еш кем емес бас-тамасы экологиялық бағдарламаларға қолдау көрсету болды. Сәуір айының аяғында «Эйр Астана» Қазақстанның Биоалуантүрлілігін сақтау қорына – тек Қазақстандағы емес, ТМД елдеріндегі ең бірінші бейүкіметтік арнайы қорға – 100 мың АҚШ долларын бөліп берді. Қор 2007 жылы БҰҰ Даму бағдарламасының (БҰҰДБ), Ғаламдық Экологиялық қордың (ҒЭҚ) және ҚР Үкіметінің Қазақстанның су және саз-батпақ жерлерін сақтау бойынша толық көлемді жобасы шегінде құрылған. Қорға қаржы бөлу туралы мәлімдемені «Эйр Астана» АҚ-ның президенті Питер Фостер Астана қ. 2007 жылы 16 қарашада өткен «Қазақстанның тұрақты даму мәселелеріндегі мемлекет, бизнес және бейүкіметтік ұйымдардың серіктестігі: жаңа жолдар – жаңа үндеулер» халықаралық конференциясының шегінде жасады.

Қордың экологиялық бағдарламасын қаржыландырудан басқа «Эйр Астана» қоғамның әлеуметтік жауапкершілігін дамыту мақсатында әуекомпания рейстерінде экологиялық бейнероликтерді көрсетті.

Іле Алатау тауы







## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

### 31 желтоқсанда аяқталатын 2008 жыл\* үшін табыстар мен шығындар туралы есеп

Табыстар	мың. теңге	
	2008	2007
Жолаушылар тасымалы	75,625,254	64,009,067
Жүк және пошта	2,188,094	2,044,281
Өзге табыстар	1,487,167	1,654,603
<b>Жалпы табыстар</b>	<b>79,300,515</b>	<b>67,707,951</b>
<b>Операциялық шығындар</b>		
Жанармай	(21,735,401)	(14,527,608)
Әуежай қызметі және навигация	(9,176,662)	(8,096,220)
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	(8,120,152)	(7,422,742)
Ұшақтардың операциялық лизинг шығындары	(7,820,731)	(6,724,608)
Жолаушыларға қызмет көрсету	(7,067,740)	(6,169,589)
Жүзеге асыру шығындары	(7,021,168)	(6,279,098)
Қызметкерлер шығындары	(6,990,402)	(5,445,897)
Экипаж шығындары	(4,565,063)	(2,910,180)
Кеңес беру, заңдық және кәсіби қызметтер	(1,067,089)	(1,964,672)
Сақтандыру	(587,420)	(641,130)
Тозу және амортизация	(482,910)	(391,124)
Мүлікті жалға алу шығындары	(441,552)	(176,069)
Ақпараттық технологиялар	(312,371)	(235,981)
Өзге шығындар	(939,383)	(556,768)
<b>Жалпы операциялық шығын көлемі</b>	<b>(76,328,044)</b>	<b>(61,541,686)</b>

Табыстар	мың. теңге	
	2008	2007
Операциялық пайда	2,972,471	6,166,265
Қаржы табысы	541,937	652,646
Қаржы шығыны	(112,493)	(74,040)
Курстық айырмашылық шығын (барлығы)	(155,830)	(201,801)
	273,614	376,805
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда көлемі</b>	<b>3,246,085</b>	<b>6,543,070</b>
Табыс салығына дейінгі шығындар	(1,191,923)	(2,210,958)
<b>Бір жылғы таза пайда</b>	<b>2,054,162</b>	<b>4,332,112</b>
<b>Бір акцияға шаққандағы негізгі және сұйылтылған пайда (теңгемен)</b>	<b>120,833</b>	<b>254,830</b>

\* 2008 жылдан бастап пайда және залалдар есебін беру форматы өзгертілді. Табыстар мен шығындарды бөлімдерге бөлу олардың сипаттамасына қарай жүзеге асырылған. Тапсырудың бұл түрі авиаиндустрияда кеңінен қолданылады. Жүйелілікті қамтамасыз ету мақсатында салыстырмалы көрсеткіштер қайта классификацияланды.

Тәуелсіз аудитор – «Делойт» ЖШС

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

## 2008 жылғы 31 желтоқсандағы бухгалтерлік баланс

мың. теңге

Активтер	2008	2007
<b>Ұзақмерзімді активтер</b>		
Негізгі құралдар	3,987,565	3,504,373
Бейматериалдық активтер	300,444	201,538
Ұзақмерзімді активтер бойынша алдын-ала төлем	809,885	-
Кепілді салымдар	1,878,868	1,830,558
Мерзімі ұзартылған салық активтері	173,439	238,966
	<b>7,150,201</b>	<b>5,775,435</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>		
Тауарлық-материалдық қорлар	2,582,133	1,594,969
Берілген аванстар	2,189,391	2,087,396
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем	553,473	1,512,718
Өзге салықтар бойынша алдын-ала төлем	1,507,665	2,482,660
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	4,146,104	1,013,804
Кепілдік депозиттер	118,216	-
Өтеуге дейінгі ұсталынатын қаржы салымдары	2,244,314	7,909,621
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	4,190,952	1,797,542
	17,532,248	18,398,710
<b>Активтердің жиыны</b>	<b>24,682,449</b>	<b>24,174,145</b>

мың. теңге

Меншікті капитал және міндеттемелер		
<b>Капитал</b>		
Акционерлік капитал	2,501,550	2,501,550
Қосымша төленген капитал	48,996	48,996
Үлестірілмеген пайда	12,058,971	11,087,837
<b>Капитал жиыны</b>	<b>14,609,517</b>	<b>13,638,383</b>
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер</b>		
Қаржылық жал бойынша міндеттемелер	37,245	181,259
Өуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге сақтық	1,157,100	1,053,708
<b>Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>1,194,345</b>	<b>1,234,967</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>		
Қаржылық жал бойынша міндеттемелер	109,170	140,089
Болашақ кезеңдегі табыстар	4,555,337	4,651,166
Өуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге сақтық	888,087	533,422
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	3,325,993	3,976,118
<b>Ағымдағы міндеттемелердің жиыны</b>	<b>8,878,587</b>	<b>9,300,795</b>
<b>Міндеттемелердің жиыны</b>	<b>10,072,932</b>	<b>10,535,762</b>
<b>Меншікті капитал мен міндеттемелердің жиыны</b>	<b>24,682,449</b>	<b>24,174,145</b>

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

### 31 желтоқсанда аяқталатын 2008 жыл үшін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

	мың. теңге	
	2008	2007
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>		
<b>Табыс салығы бойынша шығындарды есепке алуға дейінгі пайда</b>	<b>3,246,085</b>	<b>6,543,070</b>
Түзетулер:		
Тозу және амортизация	482,910	391,124
Негізгі құралдар мен бейматериалдық активтердің есептен шығарылуынан түсетін табыс	216,670	(275,311)
Күмәнді қарыздар бойынша сақтық қорлардағы өзгерістер	111,154	(6,946)
Өтімсіз тауарлық-материалдық қорлардың сақтық қорындағы өзгеріс	-	1,220
Қаржы табыстары	(541,937)	(652,646)
Қаржы жалдарының қаржылық табыстары	11,458	19,441
Курстық айырмашылықтың жүзеге аспаған шығындары	155,830	201,801
<b>Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары</b>	<b>3,682,170</b>	<b>6,221,753</b>
<b>(Ұлғайту)/азайту:</b>		
Кепілді депозиттер	(44,224)	(281,257)
Тауарлық-материалдық қорларды ұлғайту	(986,679)	(481,771)
Берілген аванстарды ұлғайту	(187,109)	(683,230)
Сауда және өзге дебиторлық берешектер	(1,825,060)	408,254
<b>Операциялық міндеттерді азайту (ұлғайту):</b>		
Болашақ кезеңдегі табыстар	(95,829)	1,999,718
Саудалық және өзге кредиторлық берешекті, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге сақтық қорды ұлғайту	(487,387)	530,406
<b>Табыс салығын және сыйақыларды төлеу операцияларына дейінгі ақша бағыты</b>	<b>55,882</b>	<b>7,713,873</b>

	мың. теңге	
	2008	2007
Төленген табыс салығы	(270,833)	(2,956,901)
Төленген сыйақы	(14,064)	(20,618)
<b>Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары</b>	<b>(229,015)</b>	<b>4,736,354</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ САЛЫМ ҚЫЗМЕТІ</b>		
Алынған сыйақы	800,918	561,674
Негізгі құралдарды сатып алу	(2,041,364)	(1,621,777)
Негізгі құралдарды есептен шығарудан келген түсімдері	-	471,158
Бейматериалдық активтері	(50,684)	(14,754)
Жедел банктік депозиттерді орналастыру	(30,860,818)	(7,520,372)
Жедел банктік депозиттерді өтеу	36,125,914	6,412,565
<b>Қаржы салымынан алынған ақша</b>	<b>3,973,966</b>	<b>(1,711,506)</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>		
Банктік қарыздардың түсімдері	119,700	-
Банк қарыздарын өтеу	(119,700)	-
Қаржы жалым төлемдері	(173,244)	(485,155)
Үлес-пайданы төлеу	(1,083,028)	(1,009,268)
<b>Қаржы қызметіне жұмсалған ақша</b>	<b>(1,256,272)</b>	<b>(1,494,423)</b>
<b>Ақша қаражатында және олардың баламаларындағы таза өзгерістер</b>	<b>2,488,679</b>	<b>1,530,425</b>
Ақша қаражаттарына курстық айырмашылықтың әсері	(95,269)	(26,486)
Ақша қаражаттары және олардың 1-қаңтар күнгі баламалары	1,797,542	293,603

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

31 желтоқсанда аяқталатын 2008 жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың. теңге

	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Үлес-тірілмеген пайда	Жиыны
<b>2007 жылдың 1-қаңтарында</b>	<b>2,501,550</b>	<b>48,996</b>	<b>7,764,993</b>	<b>10,315,539</b>
Бір жыл ішіндегі таза пайда және жалпы қабылданған пайдалар және залалдар	-	-	4,332,112	4,332,112
Төленген үлес-пайда			(1,009,268)	(1,009,268)
<b>2008 жылдың 1-қаңтарында</b>	<b>2,501,550</b>	<b>48,996</b>	<b>11,087,837</b>	<b>13,638,383</b>
Бір жыл ішіндегі таза пайда және жалпы қабылданған пайдалар және залалдар	-	-	2,054,162	2,054,162
Төленген үлес-пайда (1,083,028)			(1,083,028)	
<b>2008 жылдың 31-желтоқсанында</b>	<b>2,501,550</b>	<b>48,996</b>	<b>12,058,971</b>	<b>14,609,517</b>

Тәуелсіз аудитор – «Делойт» ЖШС

## ГЛОССАРИЙ

### BSP

Billing & Settlement Plan  
Өзара есептесу жоспар-жүйесі

### CAPT

Commercial Airline Pilot Training Program  
Коммерциялық авиабағыттар ұшқыштарын оқыту бағдарламасы

### CFIT

Controlled Flight Into Terrain  
Әуе кемесінің жермен қақтығысуы

### CRM

Crew Resource Management  
Экипаж қорларын басқару

### EASA

European Aviation Safety Agency  
Еуропаның авиациялық қауіпсіздік агенттігі

### EGPWS

Enhanced ground proximity warning system  
Жерге қауіпті жақындауды ескертетін жетілдірілген ескерту жүйесі

### ER

Extended Range  
Ұшудың ұзартылған алыстығы

### FAA

Federal Aviation Agency  
Федералды авиация басқармасы

### GSA

General Sales Agent  
Сату бойынша бас агент

### IATA

International Association of Air Transport  
Халықаралық Әуе көлігі қауымдастығы

### IBCS

IATA BSP Consolidator System  
IATA-BSP біріктірушілер жүйесі

### ICAO

International Civil Aviation Organization  
Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы

### IOSA

IATA Operational Safety Audit  
IATA пайдалану қауіпсіздігі бойынша халықаралық аудиті

### IPIS

Instructor Pilot Initial School  
Ұшқыш-инструкторлардың алғашқы дайындық мектебі

### ISD

Integrated System Design  
Жүйелі білім беру жобасы

### LPC

License Proficiency Check  
Ұшқыштардың біліктілігін тексеру

### MIDT

Marketing Information Data Transfer  
Нарық мәліметтерімен алмасу лентасы

### OEG

Operating Experience Guide  
Пайдалану бойынша нұсқаулық

### POM

Pilot Operating Manual  
Ұшу бойынша нұсқаулық

### SPA

Special Prorate Agreement  
Арнайы прорейттік келісім

### TRTO

Type Rating Training Organization  
Біліктілікті жоғарылату институты

## ӨКІЛДІКТЕР

### Алматы қ., Қазақстан

Закарпатская к-сі, 8а,  
тел. +7 (727) 258 41 36

### Мәскеу қ., Ресей Федерациясы

3-ші Тверская-Ямская к-сі, 26, 5-кеңсе,  
тел. + 7 (495) 251 16 05

### Бейжін қ., Қытай Халық Республикасы

C210A, Lufthansa Business Center,  
#50 Liangmaqiao Lu, Chaoyang District,  
тел.: + 8610-64651030, 64665067

### Ыстамбұл қ., Түркия

Cumhuriyet Caddesi No 95-97,  
1 Elmadag Taksim Beyoglu,  
тел.: +90212 343 49 60/61/62

### Заңды мекен-жайы:

Қазақстан, 010000, Астана қ., Самал ықшам ауданы,  
12 «Астана Тауэр» бизнес орталығы, 12-қабат,  
тел.: +7 (7172) 580 958, 580 980,  
факс +7 (7172) 580 950

### Алматы қ. мекен-жайы:

050039 Закарпатская к-сі, 4а,  
«Эйр Астана Орталығы 1»,  
050039 Закарпатская к-сі, 8а,  
«Эйр Астана Орталығы 2»,  
тел. +7 (727) 258 41 35,  
факс +7 (727) 259 87 02

### БАҚ

Компанияның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары: «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері.





[www.airastana.com](http://www.airastana.com)